



ЕЛОРДАДАҒЫ 800 НЫСАН ДИЗАЙН-КОДҚА СӘЙКЕС

Дизайн код – бұл стилистикалық бірыңғай, ыңғайлы және қауіпсіз қалалық ортаны қалыптастыруға болатын ережелер мен ұсыныстар жиынтығы. Осы бағытта Нұр-Сұлтан қаласында жүйелі жұмыстар жүзеге асып жатыр.

4-БЕТТЕ

№110
(4079)

Бейсенбі
17 қыркүйек
2020 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ШАРТАРАП



ӘЛЕМ ҚАЙТАДАН
КАРАНТИНГЕ
КӨШЕ МЕ?

7-БЕТТЕ

АБАЙ - 175



ТАРИХТА
ҚАЛҒАН
МІНЕЗДЕМЕ

8-9-БЕТТЕРДЕ

МӘДЕНИЕТ



ӨНЕР ТӨРЕСІ
– ТӨРДЕ

16-БЕТТЕ

САНСӨЙЛЕМ

19-20 ҚЫРКҮЙЕК
КҮНДЕРІ ЕЛОРДАДА
ӨТЕТІН ЖӘРМӨНГЕДЕ
АҚТӨБЕ ЖӘНЕ
ҚЫЗЫЛОРДА
ОБЛЫСТАРЫНАН

540

ТОННА АУЫЛ
ШАРУАШЫЛЫҒЫ
ӨНІМДЕРІ САТЫЛАДЫ



АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ ТҰРАҚТЫ МА?

Қазіргідей пандемия жағдайында азық-түлік бағасын тұрақты қалыпта ұстау өзекті мәселенің бірі болып отыр. Осы бағытта елордада құрылған тұрақтандыру қоры бірқатар шараларды жүзеге асырып келеді. Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов елордадағы азық-түлік бағасын тұрақтандыру шаралары туралы айтты.

3-БЕТТЕ

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 506.5 \$ USD/KZT 425.5 ₸ RUB/KZT 5.65 ¥ CNY/KZT 62.3

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



«БІЗ ПАНДЕМИЯМЕН КҮРЕСТІҢ ЕҢ ҚИЫН СЦЕНАРИЙІНЕ ДАЙЫН БОЛУЫМЫЗ КЕРЕК»

Елбасы – Қауіпсіздік Кеңесінің басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті. Кездесуде халықтың денсаулығы мен экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қаралды. Ең алдымен, Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы дәрігерлердің, полиция қызметкерлерінің, әскери қызметкерлердің және коронавирус инфекциясымен күресуге үлес қосқан басқа да сала өкілдерінің жанқиярлық еңбегін атап өтті.

Кездесу барысында Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой қазіргі эпидемиологиялық қауіп-қатерлерге дайындық туралы баяндама жасады. Сонымен қатар Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелері Ұлттық экономика министрі Руслан Дәленовтің әлеуметтік-экономикалық дамудың қазіргі тәуекелдері мен оларды алдын алу шаралары туралы, сондай-ақ Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің білім беру процесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері туралы есептерін тыңдады.

Нұрсұлтан Назарбаев жаһандық пандемияның «екінші толқынына»

ресурстарды дайындау, алдын-алудың кешенді шараларын әзірлеу қажеттігін, сондай-ақ сырқаттану деңгейін шынайы бағалау мен болжаудың маңыздылығын атап өтті. «Дағдарыстан кейінгі кезеңдегі даму болжамын, қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктердің тұжырымдамалық жоспарын әзірлеу қажет. Дағдарыстан кейінгі кезеңдегі даму жоспарын бүгінгі жағдайларды ескере отырып, тағы да пысықтау керек. Біз пандемиямен күрестің ең қиын сценарийіне және онымен байланысты қауіп-қатерлерге дайын болуымыз керек» деді Елбасы. Сонымен бірге кездесу бары-

сында құқық қорғау органдарына қылмыстық ахуалдың нашарлауына және қылмыстың өсуіне жол бермеу, сондай-ақ алдын алу шараларын әзірлеу тапсырылды. «Халықты азық-түлікпен және дәрі-дәрмектермен үздіксіз қамтамасыз ету, әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасы мен тарифтерді негізсіз өсіруге жол бермеу үшін тиісті шаралар қабылдау маңызды. Сондай-ақ жылыту маусымына сапалы дайындық жасап, басқа да өзекті стратегиялық мәселелерге көңіл бөлу керек» деп қорытындылады сөзін Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы.

19 МЫҢ ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-Министр Асқар Маминді қабылдады. Президент Үкімет басшысының биылғы қаңтар-тамыз айлары аралығындағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы есебін тыңдады.



Премьер-Министр сегіз айда қайта өңдеу өнеркәсібіндегі өсім 3,3%-ға, оның ішінде машина жасау – 16,3%-ға, көлік құрастыру – 51,8%-ға, сондай-ақ фармацевтика – 34,1%-ға, жеңіл өнеркәсіп – 11%-ға, химия өнеркәсібі – 3,1%-ға және дайын металл өнімдерін шығару – 18,8%-ға өскенін мәлімдеді.

2020 жылы Индустрияландыру картасы аясында, жалпы сомасы 996 млрд теңге болатын 206 жобаны іске қосу жоспарланған. Бұл өндіріс көлемін 1,3 трлн теңгеге, экспортты 325 млрд теңгеге арттыруға және 19 мыңға жуық жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Құрылыс көлемі – 6,5%-ға, тұрғын үйді пайдалануға беру – 6,4%-ға немесе 8,1 млн шаршы метрге артты. Жыл басынан бері 71 мың жаңа үй салынды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 8,6%-ға артық. Ауыл шаруашылығындағы

тұрақты өсім 4,9%-ды құрады, азық-түлік өндірісінің көлемі 3,6%-ға артты.

Асқар Маминнің айтуынша, қабылданған шаралар нәтижесінде әлеуметтік маңызды тауарлар бағасының артуын 4,4 пайыз деңгейінде ұстап тұруға мүмкіндік берді, бұл өткен жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда екі есе (8,7%) төмен. Жыл басынан бері мемлекеттік бағдарламалар аясында 874 мың адам жұмыспен қамтылған, өткен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 82,1%-дан асады.

Мемлекет басшысы кездесу қорытындысы бойынша тұрғындарды жұмыспен қамту, кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсету, өндіріс үдерістеріне жаңа технологиялар енгізу, эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру мен карантин талаптарын біртіндеп жеңілдету маңызды екенін атап өтті.

ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТЫН АЛУШЫЛАР САНАТЫ КЕҢЕЙТІЛЕДІ

Тұрғын үй сертификатын алушылар санатының тізбесін кеңейту туралы құжаттың жобасы мәслихаттың келесі сессиясына жіберіледі. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Instagram парақшасында жазды.

«Елордада тұрғын үй сертификатын алатын адамдардың санатын кеңейтеміз. Бұрын тізімде толық емес, көп балалы, мүгедек бала бағып отырған отбасылар болса, қазір тізімге халықтың әлеуметтік аз қамтылған санаттарының бәрін қосамыз. Оның ішінде жетім балалар да қамтылады. Азаматтарды қабылдау кезінде жиі көтерілетін мәселенің бірі – баспана. Пәтер алу жолдарын қарастыруды өтінген асыраушысы жоқ балалармен бірнеше рет кездестім. Санатты кеңейту құжаттың жоспарын мәслихаттың алдағы сессиясына қарауға береміз. Құқықтық-нормативтік процедуралар аяқталған соң,

сертификат алушылар санатының жаңа тізімін бекітеміз. Тұрғын үй сертификатының мөлшері – 1 млн теңге. Оларды «Шаңырақ» (5-10-20) жобасына қолдануға да болады. Осылайша, ертеректе бекітілген тізімге енді жетім балалар, I және II топ мүгедектері, зейнеткерлер, ҰОС ардагерлері және соларға теңестірілгендер, мемлекеттік, қоғамдық немесе әскери тапсырма орындау кезінде қаза болғандардың отбасылары қосылады. Сонымен бірге экологиялық апат кезінде, табиғи немесе техногендік ТЖ кезінде баспанасынан айырылғандар, бөтен елдердің аумағында ұрысқа қатысқандар, «Алтын алқа», «Күміс

алқа» иегері немесе ертеде «Батыр ана» атағын алған көп балалы аналар, I және II дәрежелі «Ана даңқы» орденімен марапатталғандар, көпбалалы отбасылар және т.б. кіреді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен биыл қолжетімді баспана құрылысын үш есеге ұлғайттық.

Бұған қоса Қазақстан ипотекалық компаниясымен бірлесіп, әлеуметтік пәтер алатындардың санатын да кеңейттік. Биыл 1 мың пәтерді дәрігерлер мен мұғалімдерден басқа, әлеуметтік қызметкерлер, полиция, мәдениет және спорт қайраткерлері де ала алады» деп жазды Алтай Көлгінов.

СҮБЕЛІ СӨЗ

Нұрлан НЫҒМАТУЛИН,
ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы:

“”

«Залдың техникалық мүмкіндігін сылтауратпай, кейбір орындаушылардың шығармашылық қабілетіне қарау керек, әйтпесе даусы да, дарыны да жоқ әншілер әлі «аузын ашып» шығып жүр. Жұмыс тобының отырыстарын өзім бақыладым. Фонограммаға мүлдем тыйым салу туралы мәселе өте қызу талқыланды. Айтыста ешқандай фонограмма болмайды. Халықтың айтысты жақсы көретіні де содан шығар. «Қисық арба жол бұзады» дегендей, өнер әрдайым таза болуы керек. Өнді жанды дауыста айтқан дұрыс және фонограмма болса, ескерту керек».

(16.09.2020. Мәжілістің жалпы отырысында айтқан сөзі)

АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

НҰР-СҰЛТАН

Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» орталығының ұйымдастыруымен өткен «Тіл шебері» республикалық онлайн байқауы өз мәресіне жетті. Бұл байқаудың басты мақсаты – жаһандық өркениет пен еліміздің даму бағытына сай үш тілді – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген, жан-жақты білімді жастарды анықтап, қолдау көрсету.

АЛМАТЫ

Алматы қаласында қоғамдық көліктердің жұмысын жақсарту және жолаушылар тасымалы сапасын арттыру мақсатында қоғамдық көліктердің бағыттық желісін оңтайландыру жүзеге асырылуда. Қалада 170 шақырым троллейбус желілері жаңартылуда. Бұл жұмыстар 2021 жылдың соңында аяқталады.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Бурабай көлінде шабақтар жаппай қырылды. Бұл «Бурабай» ұлттық табиғи паркіндегі табиғи сұрыпталу үдерісі. Жазғы аптап ыстықтан Бурабай көлінің деңгейі 35 сантиметрге төмендеген. Ал жаңбырдан кейін қайта толған Сарыбұлақ өзенінен Бурабай көліне тұщы су ағып, шабақ тектес балық қаптап кеткен.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Текелі қаласында жаңа әлеуметтік сәулулық салоны ашылды. Салон иесі жұмсалған қаражатты Халықаралық қайта құру және даму банкі мен ҚР Білім және ғылым министрілігінің бірлескен жобасы аясында ұйымдастырылған конкурс кезінде ұтып алған. Бұл нысанның ерекшелігі, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға тегін қызмет көрсететін болады.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Ақтөбеде колледж қызметкері онлайн дәріс беру платформасын жасап шығарды. Бұл қазіргі мектептер мен басқа колледждердің пайдаланып жатқан платформасына қарағанда өте ыңғайлы. Себебі сабақты бақылап қана қоймай, студенттердің тапсырманы қай уақытта жүктегенін және сабаққа қатысуын қадағалауға болады.

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Лаура ЕСТАЙҚЫЗЫ, елорда тұрғыны:

– Отбасыммен бірге тіркелген емхана жанындағы үйден қаланың басқа жеріне көшіп кеттік. Үй арасы қашықтап, емханаға қаралуға қолайсыздық тудырып тұр. Енді қазіргі тұрған жерімдегі емханаға тіркелуіме болады ма?

Оқырман сауалына Нұр-Сұлтан қаласы денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Әлия РҮСТЕМОВА жауап береді.

– 15 қыркүйектен басталған алғашқы медициналық-санитарлық көмекті көрсететін медициналық ұйымдарға ҚР азаматтарын өз еркімен тіркеу науқаны 15 қарашаға дейін жалғасады. Азаматтарға қызмет көрсетудің аумақтық принципін ескеріп, үйде медициналық көмек алу үшін тұрғылықты

мекенжайыңызға жақын орналасқан емханаларды таңдауға кеңес береміз.

Бұл амбулаториялық деңгейде медициналық көмек көрсету үшін негіз болып табылады және емхананы өз қалауынша таңдау арқылы аумақтық қол жетімділікке қол жеткіземіз. Одан бөлек, дәрігерін (жалпы тәжірибе дәрігері, учаскелік терапевт, учаскелік педиатр) еркін таңдауға болады.



БАҒА ҮНЕМІ БАҚЫЛАУДА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Елорда әкімі Алтай Көлгінов Үкімет отырысында Нұр-Сұлтан қаласындағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бойынша қолға алынып отырған шараларды атап өтті. Бұл ретте сауда желілерін кеңейту және жеңілдікпен несиедендіру, тұрақтандыру қорын қалыптастыру, ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерін өткізу бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқаны айтылды.

Елордада біріншіден, «Айналым тетігі» жобасы жалғасын тапты. Сауда желілеріне азық-түлік сатып алуға бөлінетін сома 180 миллион теңгеден 2,4 миллиард теңгеге, яғни он үш еседен аса артты. Бұл 16 өнім түрінің бағасын ұстап тұруға мүмкіндік береді. Егер бұрын жобаға сауда желілерінің 4 нысаны қатысса, қазір олардың қатары 12-ге дейін көбейді. Атап айтқанда, «Магнум», «Астықжан», «КеңМарт», «Вкусмарт», А2, «Метро», «Анвар», «Рахмет», «Ақмол», «Смолл», «Артем», «Шапағат» сауда орындары азық-түлік

өнімдерін тұрақты ұстауға мүдделік танытып отыр.

Сонымен қатар бағаны бекіту кезеңі бір жылға дейін созылды. Отандық тауар өндірушілермен тікелей 700 млн теңгеден астам сомаға 3 форвардтық келісімшарт жасалды.

Екіншіден, Тұрақтандыру қоры құрылды. «Әлеуметтік нан» бағасын тұрақтандыру үшін жергілікті бюджеттен қосымша 700 млн теңге бөлінді. Бұл сондай-ақ наубайханалардың жұмысын қолдауға мүмкіндік береді.

Үшінші, 5 қыркүйектен бастап әр демалыс күндері біз 12 қазанға дейін ауылшаруашылық жәрмеңкелерін өткіземіз. Өнімді 12 өңір алып келеді. Екі демалыс аптасында нарық бағасынан төмен бағаммен 1 мың 200 тоннадан аса өнім сатылды.

Төртіншіден, жеке инвестицияларды тарту есебінен қажетті министрліктермен бірлесіп қалада үш көтерме-тарату орталығын салуды жоспарлап отырмыз. Олар әсіресе маусымдық сұраныс кезеңінде, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын ұстап тұруға мүмкіндік береді деп қорытындылады елорда әкімі Алтай Көлгінов.

ҚҰРЫЛЫС БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Елорда әкімі Алтай Көлгінов мәслихат депутаттары және қоғамдық кеңес мүшелерімен бірге бірқатар нөсер кәрізінің құрылыс барысымен танысты.



Қалада бірнеше проблемалық учаске бар. Қазіргі күнде 3 ірі кәріз желісі мен тазарту қондырғысы салынуда. Оның біріншісі Б.Момышұлы даңғылындағы проблемалық учаскесінде орналасқан нөсер кәрізінің магистралды коллекторының құрылысын аяқтаймыз. Бұл нөсер су кәрізінің ұзындығы – 500 метр, Дауылпаз көшесінен Елім-ай көшесіне дейін жалғасады (Б.Момышұлы даңғылынан өтеді). Жаңа құрылыс қазіргі нөсер су кәрізі желілерінің су өткізу мүмкіндігін бір жарым есе арттырады.

Екінші кәріз жүйесі – «Молодёж-

ный» шағын ауданында (Төшенев пен Амман көшелерінің қиылысы) тазарту қондырғыларын салып жатырмыз. Ол жердегі коллекторларды да толық қалпына келтіреміз. Бұрын бұл жер батпақты болған.

Бұл қондырғылардың айырмашылығына келсек, олар жаңбыр және қар суын Есіл өзеніне жібермес бұрын тазартуға мүмкіндік береді. Бұрын су ағыны тікелей өзенге ағатындықтан, өзенді ластап, қала экологиясына зиян тигізетін. Бұл құрылысты 2021 жылы аяқтауды жоспарлап отыр. Бірақ бірінші кезең – су тазартуды биыл күзде іске қосылады.

«Молодежный» шағын ауданындағы жаңа қондырғылардың қуаты тәулігіне 42 мың текше метр. Бұл тазарту қондырғылары Төшенев, Бараев, Уәлиханов, Иманбаева көшелері мен Республика даңғылының су басуына жол бермейді. Себебі тазарту қондырғысы жер астында салынып, оның үстінен абаттандырылған, көгалдандырылған сквер салынады.

Үшінші. Биыл соңына дейін Тельман тұрғын алабында тазарту қондырғылары мен магистралды коллектор құрылысы бойынша жұмыс аяқталады. Оның қуаты тәулігіне 36 мың текше метрді құрайды. Жобаны жүзеге асыру жер бетіндегі суағарлардың бұрылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ол Тельман тұрғын алабы мен №27 көшесінің бойын қамтиды.

Биыл Пригородный тұрғын алабы мен Алаш тас жолы бойындағы логистика орталығы ауданында тазарту қондырғылары салынды.

Сонымен қатар әкім үлескерлері өте көп проблемалы құрылыс нысандарының бірі – «Шығыс» тобының тұрғын үй кешенін аралап, құрылыс қарқынын күшейтуді, жұмысшылар санын көбейтуді тапсырды.

АРДАГЕРЛЕР САЛАУАТТЫ ӨМІРДІ ҚОЛДАЙДЫ

Халықаралық қарттар күні мерекесі қарсаңында қалалық ардагерлер Кеңесі, Байқоңыр ауданы әкімдігі мен аудандық ардагерлер ұйымы қалалық ішкі саясат басқармасының қолдауымен «Ардагерлер салауатты өмірді қолдайды» атты спорттық флешмоб өткізді.

Іс-шараға қатысушыларды қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов, Байқоңыр ауданы әкімінің орынбасары Ерлан Жаулыбаев және басқа да қоғам өкілдері құттықтады. Олар ардагерлерді ерен еңбектері, бас қаланың әлеуметтік-экономикалық өсіп-өркендеуіне қосқан қомақты үлестері, салауатты өмірді тұрғындар арасында насихаттағандары үшін алғыстарын білдірді.

Аталған іс-шара – флешмобқа қатысушы ардагерлердің дене шынықтыруымен басталды, әрі қарай аты әйгілі спортшы-



лар неше түрлі спорттық қойылымдар көрсетті.

Флешмоб өткізілу барысында ардагерлер патриоттық және халықтың өлеңдерін айтып, музыка тыңдады, бірін-бірі Халықаралық қарттар күні аясында өткізілген іс-шараның өткізілуімен құттықтады.

Іс-шараның соңында салауатты өмір жолдарын насихаттап, қоғамдық спортты қолдап жүрген белсенді ардагерлер мен спортшыларға қалалық Ардагерлер кеңесінің алғыс хаттары тапсырылды.



ЕРЛІК САБАҒЫ

Қарулы Күштердің Ұлттық әскери-патриоттық орталығында «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының астаналық филиалының тәрбиеленушілері Парламент Мәжілісінің депутаты, Халық Қаһарманы, генерал-лейтенант Бақытжан Ертаевпен кездесті.

Жас патриоттар заманауи қазақстандық армия, әскери қызмет және әскери қызметші мамандығы туралы білді. Қонақтар патриотизм, батылдық, әскери борышқа адалдық сияқты ұғымдар туралы айтты. Әңгімеден оқушылар Қарулы Күштердің құрылу тарихы мен қазіргі жағдайынан хабардар болды.

Балалар әңгімеге белсенді қатысып, өздерін қызықтырған сұрақтарын қойды.

«Елімізге танымал

адамдардың өмір тарихын білу мен үшін өте қызық. Біз үшін олар еліміздің дамуына өз үлесін қоса алатын қажырлы еңбегінің арқасында кез келген адамның табысқа қол жеткізе алатындығының мысалы болады» дейді «Жас сарбаз» тәрбиеленушісі Мадина Бауыржанқызы.

Іс-шара соңында Халық қаһарманына «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысының «Құрметті мүшесі» белгісі табыс етілді.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Облыс орталығында «Дәрігерлер аллеясы» ашылды. Демалыс саябағы 35 гектар аумаққа орналасқан. Бұл жұмыстарды «Бақ-Береке 2030» ЖШС атқаруда. Жоспарға сай мұнда веложол, 6 спорттық ойын алаңы болады. Саябақта 20 мыңнан астам көшет пен 60 мыңға жуық гүл егілген. Демалыс орнында 10 450 шаршы метр аумақ абаттандырылған.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Кентау қаласында жыл соңына дейін 600 отбасыға баспана беріледі. Бүгінде шағын қалада 60 пәтерлі 10 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Бұл баспаналар жыл соңында, қаланың 65 жылдық мерейтойына орай мүмкіндігі шектеулі жандар мен көпбалалы отбасыларға және түрлі санаттар бойынша кезекте тұрған тұрғындарына беріледі.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Соңғы 8 айда еліміздің халық тығыз орналасқан өңірлерінен жұмыс күші тапшы аймақтарға 1273 отбасы қоныс аударды. Яғни, жаңа қонысқа көшіп барғандар саны 4386 адамды еңсерді. Оның ішінде, еңбекке жарамды жастағы 2303 адам бар. Бұл азаматтардың 1652-сі жұмыспен қамтылды. Биыл 5825 адамды, яғни 1631 отбасын солтүстікке көшіру жоспарлануда.

КӨШЕЛЕР ҚАЛАЙ КӨРКЕЙЕДІ?

Биыл елордада 150 аула абаттандырылып жатқаны белгілі. Болашақта аулалар ғана емес, тұтас көшелер түрленеді. Бұл жұмыс қаланың мастер-жоспары мен дизайн-кодына сәйкес жүргізіледі. Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы тиісті эскиздерді көрсетіп, шаһарды көркейтудің жоспарларымен бөлісті.



Өзгерістер негізінен қаланың ескі бөлігі – оң жағалауда орын алады. Жаяу жүргіншілердің жайлылығы үшін, жалпы алғанда қала тұрғындарына қолайлы жағдайларды тудыру мақсатында бірқатар жұмыстар қолға алынады.

Көркейтілетін көшелер мен ажарландырылатын аумақтар тізімі әзірленді. Мәселен, Бейбітшілік көшесі жаяу жүргіншілерге жайлы бола түседі. Онда автобус жолағы – bus line енгізіледі. Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Нұрлан Ұранхаевтың айтуынша, барлық көшелерді жобалау жұмыстары осы жылдың соңына дейін аяқталады. Одан кейін бұл жобалар мемлекеттік сараптамаға жіберіліп, қаржысы есептеледі.

– Әрине, көшелерді көркейту бойынша алда атқарылар жұмыс көп. Қаланы тұрғындарға қазіргіден де жайлы ету үшін ұсақ-түйекке дейін бәрін ескереміз. Адамдарды тартатын, халық демалатын, жылдам тамақтанатын орындарды жасаймыз, – дейді басқарма басшысы.

Жаңа қоғамдық кеңістіктер Ж.Омаров көшесінде, Республика даңғылынан бастап М.Әуезов көшесіне дейін пайда болады.



Нақты айтқанда, Республика, 10 мекенжайы абаттана түседі.

– «Технопарк» аумағын да көркейтуді жоспарлап отырмыз. Жоба бойынша нақты шешімді әлі қабылдаған жоқпыз. Сол аумақтағы ескі тұрғын үйлер сүріліп, жаңа әлеуметтік баспаналар салынатын шығар. Саябақ пен шағын бақ та бой көтеруі мүмкін. Қазір жобаның тиімділігі бойынша есептеулерді жүргізіп жатырмыз, – дейді Н.Ұранхаев.



«Евразия» сауда үйі аумағы да түрленеді. Адамдар көп жүретін бұл аумақ бойынша бірнеше эскиз жасалды. Абай даңғылы мен Ш.Қосшығұлұлы көшесі де көркейеді. Бұл жоба бірінші кезеңнен өтіп жатыр. Мақсат – тұрғындар алысқа сабылмас үшін барлық жағдайды үйлерінің маңайында тудыру.

Бір атап өтерлігі, қазір қала көпірлерінің асты да көркейтіліп жатыр. Бұл жұмыс та мастер-жоспарға сәйкес жүргізілуде. Таяуда ғана Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті маңайындағы көпір астында Әлжан Жармұхамедов, Геннадий Головкин, Зарина Диас сынды белгілі спортшылар бейнеленген граффити пайда болды.

Тұрғындар бұл демалыс орны үшін ризашылығын жеткізіп жатыр. Триатлон-парк пен Президенттік саябақтың арасының қосылуы да халықты қуантып отыр.

Оң жағалауда келсек, қалада салынып жатқан үлкен жаңа мешіттің маңайында жайқалатын саябақтың эскиздері дайын болды. «Нұржол» сулы-нулы желекжолын болашақта қысы-жазы тұрғындарға жайлы ету жоспарланып отыр. Үш жыл бұрын бұған қатысты Біріккен Араб Әмірліктері елінің инвесторларымен әңгіме жүргізілген. Тиісті жобаға сәйкес желекжол бойы шатырмен жабылуы тиіс.

Нұрлан Ұранхаев кейбір көшелер жаяу жүргіншілерге ғана емес, көлік иелеріне де жайсыздық тудыратынын жасырмайды.

– Бізде автокөлікпен тіке тартатын жолдар жоқтың қасы. Сондықтан бағдаршамнан бағдаршамға дейін жүруге тура келеді. Бұл жағынан сол жағалауда жағдай жақсырақ. Оның жолдары ойластырылып салынды. Ал оң жағалау кеңес заманында бой көтерді. Сол себептен кейбір көшелер автокөліктерге тарлық етеді. Осыны да қалай реттесек екен деп ойлап жүрміз, – дейді басқарма басшысы.



© Бетті дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ

ҚҰРЫЛЫС САПАСЫН БАҚЫЛАУҒА АЛДЫ

Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы барлық құрылыс учаскелеріне қоршаулар орнатылуы және оның дизайн-кодқа сәйкестігін тексеріп жатыр.

Елордада қазіргі таңда 858 нысанда құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Мониторинг барысында 800 нысан белгіленген талаптарға сәйкес келетіні, ал 32-сінде сәйкестендіру жұмыстары жүргізіліп жатқаны анықталды. Соның ішінде ереже бұзған 25 нысан басшылығы жауапкершілікке тартылған.

Мониторинг қаланы абаттандырудың теріс әсерін болдырмау, қаланы ластанудан қорғау, технологиялық процестер мен құрылыстың эстетикалық қалпын бұзбау үшін қолға алынды. Құрылыс аландарының периметрі бойынша және құрылыс нормаларының талаптарына сәйкес

тиісті аландардың қоршаулар биіктігі екі метрден кем емес, мырышталған, боялмаған болуы тиіс. Қала көшелері мен ғимараттарын безендіруде талаптарды сақтау жөніндегі жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатын болады.

Айта кетейік, дизайн код – стилистикалық бірыңғай, ыңғайлы және қауіпсіз қалалық ортаны қалыптастыруға болатын ережелер мен ұсыныстар жиынтығы. Құжат қалалық құрылысты жобалау мен дамытудың регламенттерін анықтайды. Бірыңғай сәулет стилінің параметрлері «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңында бекітілген.



Көп жылдар Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінде ақпараттандыру мен инновацияларды қолдау, бюджеттік үдерістердің әдістемесі және функционалдық талдаумен, ішкі әкімшілік жұмыстарымен айналысқан IT-сарапшы Оңғарбай Дәнебековпен сұхбаттасуға себеп болған жағдай ел экономикасындағы болып жатқан өзгерістерге қатысты маман пікірін білу қажеттігі еді. Әсіресе, Президенттің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа Жолдауынан туындайтын жаңа жобалар, соның ішінде Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігін құру туралы шешімге қатысты жаңа агенттіктің қызметіндегі цифрландыру мәселелеріне жауап алуға тырыстық.

– Осыдан біраз бұрын, Facebook желісіне кезінде мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесін әзірлеудің басы-қасында жүргендіктен тек өз пікірімді ғана сөйледім. Бұл маған белгілі сала. Қызметте жүргенімде қай құрылымдық бөлімшеде, қандай лауазымда болсам да министрлікте ақпараттық жүйелерді енгізу менің міндетіме жататын.

Тарихқа үңілсек, ең алғаш 1997 жылғы 4 наурызда Мемлекет басшысының Жарлығымен Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган ретінде Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігі құрылған болатын. Сол жылғы қазан айында бұл орган Экономика және сауда министрлігі функцияларының бір бөлігі беріле отырып, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі болып қайта құрылды.

Бұл Агенттіктің еншісінде Елбасының Қазақстан халқына 1997 жылғы «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Жолдауында жария етілген «Қазақстан 2030» ұзақ мерзімді даму стратегиясын әзірлеуі еді.

Әрине, бұл Агенттіктің Стратегиялық жоспарлау жүйесін ақпараттандыру жайлы нақты жобасы болды. Мемлекеттік басқарудың ақуалды жүйесі жобасы деп аталынды. 2002 жылы аталған Агенттік таратылып, оның функциялары Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне берілгенде осы жобамен танысуға тура келді. Өте көлемді, қызық жоба болды. Мысалы: елдің макроэкономикасын оның негізгі параметрлерін (мұнай бағасы, жалпы ішкі өнімді, бюджет т.б.) әртүрлі сценарийлермен өзгерту арқылы ұзақ, орта және қысқа мерзімдерде болжауға болар еді. Жалпы, Мемлекеттік басқарудың ақуалды жүйесі толыққанды іске асқанда еліміздің қаржы-экономикалық, әлеуметтік, әскери-стратегиялық, сыртқы және ішкі саясатының негізгі бағыттарын қалыптастыру үшін таптырмайтын құрал болар еді.

Бірақ белгісіз себептермен Министрлік басшылары бұл жобаны іске асыруға құлықсыз болды. Нәтижесінде жобаны іске асыру бөлінген қаржыны игеру мақсатында серверлік жабдықтар, үлкен видеоэкран және бағдарламалық өнімдерді сатып алумен шектелді.

Ал жаңадан құрылатын Агенттіктің ел басқару жүйесіндегі ролін Президент өз жолдауында шегелеп айтып кетті, қайталап айтар болсақ, Агенттік қайтадан тұтас мемлекеттік жоспарлау жүйесінің негізгі орталығына айналады. Агенттік ұсынған реформалар нақты, іске асатын және

ең бастысы, барлық мемлекеттік органдар үшін орындауға міндетті болуға тиіс.

– Жоғарыда аталған Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі құрылды, оның қызметінің басты бағыты қандай?

– Бұл жерде жаңалық ойлап табудың қажеті жоқ. Жаңадан құрылатын Агенттік бұрынғыша

ЦИФРЛАНДЫРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

стратегиялық жоспарлар мен мемлекеттік бағдарламалар жасау және іске асыру кезінде жалпы ұлттық дамудың мемлекеттік стратегиясын әзірлеуді, мемлекеттік органдардың қызметтерін ведомстваралық және салааралық үйлестіруді жүзеге асырумен айналысады деп ойлаймын.

– Айналып келгенде, сұрақ мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесіне тікелей қатысты болып тұр. Оны жетілдіру үшін не қажет болады? Әлеуетіміз қалай?

– 2007 жылғы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесін әзірлеу басталды. Бұл жүйенің мақсаты болып стратегияларды, мемлекеттік, салалық, өңірлік бағдарламаларды бір бірімен байланыстыратын, әр бағдарлама үшін жауапты мемлекеттік органдарды, сонымен қоса әр мемлекеттік органның операциялық жоспарымен байланысып, жеке орындаушыға дейін анықтайтын ақпараттық құрал болып көзделді. Қысқа мерзімде оның техникалық тапсырмасы жазылды. Техникалық тапсырма бойынша жүйе екі бөліктен (модуль) тұратын болды. Біріншісі «Стратегиялық және инвестициялық жоспарлау» модуль, екіншісі «Бюджеттік жоспарлау» модуль. Жүйенің «Бюджеттік жоспарлау» модуль әзірлеуге 2007 жылдан 2010 жылға дейін 314 млн теңге қаржы жұмсалды.

Алайда Президенттің 2010 жылғы 12 наурыздағы № 936 Жарлығымен Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің бюджеттік, салықтық және кедендік саясатты қалыптастыру мен бюджеттік жоспарлау саласындағы функциялар мен өкілеттіктері Қаржы министрлігіне берілгеннен соң мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесін қолдану және жетілдіру тоқтатылды.

2017 жылдан бастап Қаржы министрлігі сол «Бюджеттік

жоспарлау» модульді жетілдіріп, «Бюджеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесі» деген атаумен жаңа ақпараттық жүйені іске асыруда.

– Осы күнге дейін нақты жүйеленген цифрландырудың қажетті бағдарламалардың орындалу барысын қадағалайтын бірізділік, жалпы осы саланың олқылықтары көп, егер бұл шешім тапса алға жылжудың басқа жолы жоқ па?

– Цифрландыру орасан зор қарқынмен дамып келеді. Бұл сала озық ойды, жаңа білімді талап етеді. Бүгінгі қабылданған шешім (тіпті ертен емес, сол шешімді рәсімдеп болғанша) моральдық тұрғыдан ескіріп қалуы мүмкін.

Сонымен қатар бұл сала миллиардтаған инвестицияны талап етеді. Сондықтан осы саланың олқылықтары көп болып көрінеді. Өйткені жаратылған қаржы көп, қоғам күткен нәтиже жоқ. Бұл тек қана мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі ақпараттық жүйелер емес, кез келген саладағы ақпараттық жүйелер. Әсіресе, салық әкімшілендіру, білім саласындағы ақпараттық жүйелер.

Алға жылжудың жолын мен былай деп түсінемін. Мысалы, бір басшының кезінде бір ақпараттық жүйені әзірлеу қолға алынды. Келесі басшы келгенде ол жүйені жамандап, басқа жүйе жасауға кіріседі. Бұл өте жаман тәжірибе. Осы нәрседен айылуымыз қажет. Бұл тек ақпараттық жүйелерге байланысты емес, жалпы, кез келген жақсы идеяға байланысты. Мұндай тенденция мен соңғы істеген мемлекеттік қызмет саласында өте қатты көзге түседі. Баста мемлекеттік қызметке тұру үшін деген конкурстар біреу ғана болатын, кейін 3 кезеңдік (екі ішкі және жалпы конкурс) конкурстар болды, енді конкурс екі кезеңнен (ішкі және жалпы конкурс) тұрады.

Сондықтан өте қымбат ақпараттық жүйелер жасалғаннан кейін оны келесі басшы келіп

ауыстырамын дегенге жол берілмеу керек.

Екінші мәселе – ақпараттық жүйелердің функцияларын қайталамай оларды интеграциялау мәселесі. Сонда ғана біздер цифрландыру саласында алға жылжи аламыз.

– Бізде түрлі мемлекеттік бағдарламалар қабылданып жатады, оның нәтижесі қарапайым халыққа жете бермейді. Жаңа құрылатын агенттік осы кемшілікті толтырып, бағдарламалардың орындалуы барысын қадағалап отыра алады ма?

– Мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесін жасау бойынша жұмысты қайта жандандыру керек.

Меніңше, жаңа Агенттік мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі цифрландыруға мән беру тиіс сияқты. Бізде әлі күнге дейін өзара байланысты бағдарламалық құжаттар жоқ. Стратегиялардың, мемлекеттік, салалық және аймақтық бағдарламалардың ортақ тұстары жоқ. Бағдарламалар «кейін есептеп алуға оңай белгілі мақсаттарға» жасалады. Оларда мемлекеттік бюджеттен бөлінуге қажетті нақты соммасы көрсетіледі. Бағдарлама қабылданғаннан кейін инвестициялық ұсыныстар енгізіліп, техникалық-экономикалық негіздемелер жасалады, ал ондағы сандар бағдарламада көрсетілген мөлшерге түзетіледі. Бұл бағдарламалар тек мемлекеттік бюджеттен ақшаны «қағып алу» үшін қабылданып жатқан сияқты әсер қалдырады.

Меніңше, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жаңа тәсілдерін енгізуге ықпал ететін, тиімді механизмді құру нәтижеге бағдарланған және бірыңғай ақпараттық ортада мемлекеттік жоспарлау процесінің барлық қатысушыларының жауапкершілігін белгілей отырып, жаңа Агенттікке осы олқылықтардың орнын толтыруға көмектеседі деп ойлаймын.

Сұхбаттасқан Айгүл УАЙСОВА

ҰЛТТЫҢ АЛТЫ ҰСТАНЫМЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс – қимыл кезеңі» Жолдауында мемлекеттік басқарудың жаңа моделінен бастап, барлық өзекті әлеуметтік-экономикалық жағдайға, цифрлық даму мен тағы басқа мәселелер және қазіргі күрделі жағдайда жаңа экономикалық даму жолына түсудің негізгі тетіктеріне талдау жасайды. Сонымен бірге жалпы, адамзат баласы үшін аса маңызды ұлт сапасын арттыруға баса назар аударады.

Ұлттымыз жаңа сапаға көшу үшін өмірлік жаңа ұстанымдарымыздың өзгеруі керектігіне тоқталады. Жолдау бойынша санамаласақ, ұлттың жаңа болмысын жасайтын алты ұстанымды айырықша атап өтуге болады. Қазір Жолдауды насихаттау жер-жерде жүргізіліп жатқандықтан, оның барлығына талдау жасамаймыз. Айтайық дегеніміз, бұл ұстанымдар арқылы бұған дейін сан ғасырлар бойы біздің ұлттық болмысымыз қалыптасқан және оны қалыптастырған құндылықтарымыз ұлт сапасын белгілі бір деңгейге жеткізген.

Өкінішке қарай, ғасырлар тоғысындағы қоғамдық формациядағы өзгеріс, рухани құндылықтан материалдық құндылықтың басымдыққа ие болуы, әлемдік ақпараттық кеңістіктің ашықтығы бізді барымыздан айыруға әкеліп соққанын баршамыз мойындауымыз керек.

Күнделікті тұрмыста белең алып отырған жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, адам саудасы, есірткі саудасы және тағы басқа жан түршігерлік қылмыстың көбеюі ұлт қамын ойлаған адам баласын ойландырмай қоймайды. Сондайда: «Ұлттың жаңа болмысын қалыптастырмақ түгілі, ұлттымыз бар болмысынан айырылып бара жатқан жоқ па?!» деген қорқынышты ойдың қылаң беретіні жасырын емес.

Жолдауда ұлттың жаңа болмысын қалыптастыру үшін жас буынды ерінбей еңбек етуге бейімдеу керектігі айтылған. Оны кім бейімдеу керек, мектеп пе, қоғам ба әлде билік пе?! Әрине, бірінші кезекте, ата-анасы, яғни отбасы. Көпке топтырақ шаша алмаймыз, бірақ қазіргі қазақ отбасының барлығының бұған қауқары жете ме? Неге біздің көп балалы аналарымыз ұрпағын ұясында тәрбиелеп отырудың орнына алақан жайып, әкімшілікті жағалайды? Оның объективті, субъективті себептері жеткілікті. Дегенмен де басты себептерінің бірі – көп ер-азаматтардың жатып ішер жалқаулығы, жоғары жауапкершіліктің жоқтығы, халқымыздың тамаша құндылығы – әкелер мектебінің әлсіреуі.

Жолдауда тұтас ұлт сапасын арттырудың бір ұстанымы ретінде кәсіби дағдыны игеру аталған. Көңілге үлкен қуаныш ұялататын жай – қазіргі жастарымыздың жаңа мамандықтарды терең біліммен кәсіби деңгейде меңгеруге ұмтылыстары. Мысалы, біздің Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық-ғылыми практикалық орталығындағы жастардың, Жолдауда атап көрсетілгендей, бізге керек – адалдық, ұқыптылық, тиянақтылығы жан сүйсінтеді, ұлт болашағына үлкен сенім ұялатады.

Жолдауда атап көрсетілген «Жауапты мемлекет – жауапты қоғам – жауапты адам» жүйесі берік орнығуы үшін біздің әрқайсымыз бойымыздағы тоғышарлық, жатып ішер масылдық, енжарлықтан арылып, жаңғырған, жаңарған қоғамда өмір сүруге ұмтылуымыз керек.

Бақытгүл ЫСҚАҚ,
филология ғылымдарының
кандидаты, Ш.Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының басқарма
басшысы



БАТЫР ЕСКЕРТКІШІ ДАҢҚЫНА ЛАЙЫҚ ПА?

Биыл Ұлы Жеңіске 75 жыл толды. Осы Жеңіс туын алғаш Рейхстагқа қазақтың даңқты перзенті Рақымжан Қошқарбаев қарулас досы Григорий Булатов екеуі тікті. Бірақ бұл ерлік көп жылдарға дейін бағаланбады. Алайда шындық ешқашан жоғалмайды, ақыры батырлардың ерлігі мойындалды. Еліміз егемендік алғаннан кейін Рақымжан атамызға Халық Қаһарманы берілді.

Осыдан төрт жыл бұрын елордада Рақымжан Қошқарбаевқа ескерткіш қойылды. Бұған дүйім ел қуанып, Рақымжан атамыз ортамызға қайта тіріліп келгендей күйде болды. Бір жағынан, ол кісі елорданың түбіндегі Тайтөбе ауылында өмірге келген. Сондықтан ардақты азаматқа туған жерінде ескерткіш орнатылғаны қауымды бір серпілті. Міне, содан бері де біраз уақыт өтті. Бұл ескерткіш Бауыржан Момышұлы мен Рақымжан Қошқарбаев даңғылдарының қиылысында орналасқан. Маңайындағы биік үйлерден онша көзге көп түсе қоймайды. Аумағы да ептеп тарлау. Сондықтан астаналық зиялылар батырға арналған ескерткіштің көптің көңілінен шықпай жүргендігін айтып, редакцияға хабарласты. Біз осы орайда белгілі жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лау-

реаты Алдан Смайылдың пікірін беруді жөн көрдік.

– Елордадағы Рақымжан Қошқарбаевқа арналған ескерткіш үлкен архитектуралық талғаммен жасалмағандығын байқайсыз. Ескерткіштің алдынан қарасаңыз, ту көтеріп келе жатқан адамды көресіз. Мүсіннің өзінен ту үлкен. Ол неғылған ту, неғылған адам, бейне толық ашылмаған. Екіншіден, ескерткіштің бүйірінен барсаңыз, бір қолайсыздық сезіледі, күңгірт көрінеді. Екі даңғылдың қиылысындағы қуысқа орналасқан жері де көңілден шыға қоймайды. Жақында ескерткішке барып едім, күтімі де болмай тұр екен. Бұл астаналықтарға да, елорда әкімдігіне де сын.

Рақымжан ағамыз Рейхстагқа ту тіккен жалғыз қазақ. Кезінде бұл кісінің ерлігі бағаланбады. Батырмен бірге ту тіккен Була-

товтың өмірі қайғылы жағдайда аяқталды. Рахат соның бәрін асқан төзімділікпен көтере білді. Халқымызда «Сый қылсаң сыпыра қыл» деген сөз бар емес пе, сондықтан мемлекеттік тұрғыдан қайтадан комиссия шақырып, ескерткішті қайта қарау қажет. Керек болса, жөндеу жүргізілсін. Ескерткіштен батырдың қаһармандығы мен ерлігі танылып тұрса деймін. Содан соң елдің тағы бір айтып жүрген ұсынысы бар: Рақымжан Қошқарбаев даңғылымен «Нұр Орда» мектебіне қарай жүрсеңіз, «Хазірет Сұлтан» мешітінің қарсысында ескерткішті қоюға болатын тамаша алаң бар. Мүмкін осы алаңды да ойластырған жөн болар. Қалай болғанда да, Рақымжан ағамыздың ерлігі мен батырлығы мәңгілік десек, оның ескерткішіне лайықты орнын тауып, мүсінін қояйық, – деді қаламгер.

ТОЙ ТУРАЛЫ ОЙ

Енді бұрынғыдай болмайды дейді. Ал бұрын қандай болып еді? Есіңізде болса, тойды айтқан уақытынан екі-үш сағат кешіктіріп, ерте келген елді зарықтырып бастайтынбыз.

© Айгүл УАЙСОВА

Кеш түсіп, түн түңілдірігін түргенде думан басталағын. Келген соң, тізіліп төрде тұрып тілек айту парыз. Екі қолды бос қойған соң, тамақ жемек ләзім. Ақыры келген соң тұяғымыз тысырап антрактіде билеген жөн. Егер аяқ ауырып, тізе қалтырап, биге жарамасак қызып алған жұрттың қисалаңдағанына қарау тағы қызық. Кей асабаның оспадарсыз әзіліне де құлағымыз үйренді. Құдашалардың құдашасымен танысып, әңгімелесу де осы тойда. Айтатыны жоқ, әсіресе, жап-жас балалардың шешесіндей әйелдерді биге шақырып, «Қызыл өрікке» басқанын да осы тойда көрдік. Ол ол ма, шалдар да құлдырандап, жас қыздарды ортаға алып, бір жасап қалатын. Кейде бетті басамыз. Өйбу, не қадір, не қасиет?! Содан келіп тойы құрысын деп «қарғадық». Құдай «әумин» деді ме, індетін жіберіп, осы тойдан да қағылды. Өмір тоқтап қала ма? Екі карантиннің ортасында шағын қауыммен беташар, келін түсірер, қыз ұзату, құдалық өтті. Жақын отырған ағайындары болмаса алыстағылар бұл тойдан да қағылып жатыр. Ол түгіл өлгенге «бауырымдап» жете алмай, мына індет тіпті қысып жіберді. Оның да жақсылығы жоқ, ағайынның арасы алыстап, бауырымыз суып барады. Бізге керегі осы ма деп ойға тағы қалдық.

Той қашан да халықтікі болатын. Ағайынға көмегім деп той болмас бұрын ортаға малын салатынбыз. Абысын-ажын шүйіркелесіп, тойдың боладысын

жаңалық қылып жеткізіп, желпініп жүретінбіз. Жас келіндер осындай қол көрініп қалайын дегендей қол қусырып қызмет көрсетіп, үлкендердің батасын алатын. Ағайынмен сағынысып көрісіп, әулеттің ержетіп қалған балаларының «айналайын» деп бетінен сүйетінбіз. Ақсақалдар төрді толтырып, жасы кіші қонақты күтіп, әулеттің бауырмалдығын, барлығын, көргендігін көрсететін. Міне, қазақтың тойы осындай болатын. Жұрт жақсылыққа жеткендігін, өсіп-өнгенін осы тойында дәлелдейтін. Кешкісін жастар бас қосса, күндіз қарттары жиналып келіннің беташарын көріп, батасын беріп тарқасатын. Заманы бір құрдастар, әңгімесі жарасатын қатарластар өз ортасында болып, өз арасында болатын артық қылықтарын сырт көзге білдірмейтін. Құстың сүтінен басқаны дастарханға қою міндет емес еді. Бірақ «бір тойым бар» деп жүрген той иесі тартынып қалмайтын.

Кейінгі тойлардың сценарийі қатты өзгерді. Банктен қарызданып алған ақша қалтаға түскен соң, әркім өзінше шалықтады. Жұрттан қалмаймын деп, бары да жоғы да тойдың түбін түсірді. Үлкенді-кішілі қалаларымызға зәулім тойханалар қатар салынып, бұл кәсіптің көрігін әбден қыздырдық. Даңғыраған залдарды толтырған тойшылдардың саны бес жүзден кемі кем. Қырық жыл бұрын дәмдес болғандарды да бір көрудің есебін тойда келтіретін болды. Өтіс-қатысы аз алыс жамағайынды да тойханаға жинап алатын болдық. Тойымызды театрландырып,



шақырмаған әншіміз-бишіміз қалмады. Оны алдын ала айтып анау келеді, мынау келеді деп құлақтандырып, жұртты желпіндіріп қоямыз. Сонымен онсыз да кеш басталған, жартылай жанарылған салт-дәстүрін жырымдап жасап, жартылай ойын, жартылай кәнерт... ақырында даңғазашудан басымыз ауырып тойдың соңын көбіміз күтпей тараймыз. Қайран Құрманғазының күйі ет табақ тартуға ғана жарады ма деп алдымызға келген астың қалғанын қалтамызға салып аламыз.

Қарап отырсаңыз, тойдың соңында қалып, кеш бойы аяғынан таусылып жүргендер ғана сол әулеттің шын тілеулес жанашырлары, етене жақындары екен. Санай келгенде кейде жиырмаға да жетпейді. Міне, осы «жиырма» нағыз тойымыздың құрметті қонақтары. Қалғаны өміріміздегі қуанышымызды бөлісудің аса қажеттігі шамалы жандар. Жыл он екі айда бас қосып бірге сыйласпағандардың, тойдан кейін тілекші болатындарына күмәнім бар. Тіпті,

шын қалағанның өзінде тірлік деген мына дүние, артып-асып бара жатпаған мына дәулет, одан қалды уақыт ешкімге артылдырмай қол-аяғымызды матай береді. Барыңа да жоғыңа да көнетін, қай кезде де қасыңнан табылатын ағайынның ғана бір кесе шәй ішсе де сынамай, сәлемін бұлдамай өзіңмен бірге жасай береді.

Бұдан шығатын нәрсе, аңсарымыз басқаға аумап, жанымызға жанашырмен, ет-жақынымызбен сыйласып, мына тірліктің қызығын да солармен бөлісе білу екен. Егер дос-жаран жинасаңыз да төріңіздің сыншысы болмай, қазан басында ас әзірлеп, жоғыңызды бітеп тұратыннан болсын. Басқасы тойымыздың қадірлі қонағы емес.

Қызды-қыздымен бар құпияны айтайын. Кейде осы тойды желеу етіп, аса құрметтілерімізді де шақырып жатады. Жік-жаппар болып оның айналасында құрақ ұшырып жүрген той иелерін көріп кейде қысыламыз да. Келген қонақ той иесінің көңіліне қарап, соларды шаттандыруға, ізгілігімен нұрланып

солармен бірге қуанып жүрсе қандай керемет. Алайда кейде басқаша болып жатады. Тойға келдің бе, бар тілегін, құрметін, қуанышқа ортақ риялылығын, той иесіне арнағанын. Одан басқасы шақырылғандарға да шақырғандарға да салмақ.

Қазақтың тойы болсын, дәулеті тасығандар зәулім сарайларда жасасын, өйткені ортасы, өлшемі бөлек. Ал ұлан-асыр той жасап, кедейдің байға жетеміз деуі әу-решілік. Байлықпен, барлықпен теңесетін жер той емес. Той тек әулеттің қуанышы. Оны бәсекеге салып, жұрттан қалмаудың амалына айналдыру бекершілік.

Карантиннен кейінгі түзелетін нәрсе тойымыз болуы керек. Той тоқтамасын, жастар бас қосып отау көтерсін, сәби дүниеге келіп, қазақтың әрбір шаңырағын шаттыққа бөлесін. Бәріміздің де арман-тілегіміз осы емес пе? Ендеше тойдың қадірін кетіріп жіберген кім? Ендігі тойдың мәнді өтуіне барын салатын кім? Ол сіз бен біз. Ұл-қыз өсіріп, осылардың қуанышын көреміз деген сіз бен біз!



ӘЛЕМ ҚАЙТАДАН КАРАНТИНГЕ КӨШЕ МЕ?

Бүгінде Италия, Испания, Германия, Түркия және Оңтүстік Кореяда індет күрт өскен. Еуропаның бірқатар елінде карантин режимі қатаңдай бастады. Ал Қытайдың кей провинцияларында тіпті әскери режим жарияланған. Осыдан-ақ жағдайдың оңай болмай тұрғанын байқауға болады. Әлемде коронавирустың жаппай таралуын тежеу үшін қатаң карантин қайта енгізілуі мүмкін. Біздің елімізде де коронавирус белгілері бар пневмониямен ауыратын науқастар санының күрт өсуі тіркеліп отыр. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметіне қарағанда, өткен тәулікте елде пневмониямен диагнозымен 408 науқас анықталған, ал бір күн бұрын сырқат саны сегіз адам болған деп хабарланған болатын. Жалпы, 1 тамыздан бастап республикада аурудың 30 074 жағдайы тіркелді. Осы кезеңде одан 332 науқас қайтыс болды. Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой ел коронавирустың екінші толқынына дайындалып жатқанын айтты.

Соңғы тәулікте әлем бойынша 308 мыңға жуық адамға COVID-19 диагнозы қойылды. Аурудан қайтыс болғандардың саны 917 мыңнан асты. Дүние-жүзілік денсаулық сақтау ұйымының бас директоры Тедрос Гебрейесус Женевада өткен Еуропалық бюро отырысында әлем экономикасы үшін оңайға соқпаған карантиннің қайта енгізілуі мүмкін екенін, коронавирустың індетінің екінші толқыны алғашқысынан да ауыр болуы ықтималдығын айтты.

Індеттің екінші толқынын күтіп отырған ТМД елдеріндегі оқыту процесіндегі жағдай да әртүрлі. Ресейдегі мектеп оқушыларының бір бөлігі 11 қыркүйектен бастап қашықтықтан оқуға оралды, кейбір білім беру ұйымдарында карантин жарияланды. «Ал Ресейге оқуға түскен студенттер Ресей Федерациясына белгіленген алгоритм бойынша келе алады. Бұл тек шекарасы ашылған мемлекеттерге қатысты» деді Фальков «Единая Россия» фракциясы президиумының отырысында. Өзбекстан осы аптадан бастап оқушыларды мектепке қабылдап жатыр, ал Грузия сабақты қазан айынан бастамақ.

ҚАЙТА КАРАНТИН ЖАРИЯЛАҒАН ЕЛДЕР

Арменияда 2021 жылдың 11 қаңтарына дейін карантин жарияланды.

Израиль жұма күнінен бастап коронавирустың екінші толқынынан кейін індеттің таралуын болдырмау үшін үш апталық қатаң карантин енгізді. Ұлттық мейрамдар қарсаңына тұспа-тұс келген карантин уақытында тұрғындарға үйлерінен 500 метрден асатын қашықтықта жүруге тыйым салынады, бірақ олар шектеулі режимде жұмыс істейтін кеңселерге бара алады. Мектептер мен сауда

орталықтары жабылады, тек супермаркеттер мен дәріханалар жұмыс істейді. Үкіметтік ұйымдар қысқартылған құрамда жұмыс істейтін болады, ал клиенттермен жұмыс істемейтін мемлекеттік емес агенттіктер мен кәсіпорындар ашық болады. Қаржы министрлігі оқшаулаудың коронавирустың салдарынан рецессияға ұшыраған экономикаға шамамен 6,5 миллиард шекель (1,88 миллиард доллар) шығын әкелетінін мәлімдеді. Осы себепті елде карантиннен зардап шеккен кәсіпорындарға көмектесу үшін жаңа экономикалық пакет әзірлеу жоспарында қарастырылды.

ЖАҒДАЙ НАШАРЛАЙ ТҮСКЕН

АҚШ індетке шалдыққандар және вирустан қайтыс болғандар саны бойынша әлемде көш бастап тұр. Мұнда 6,3 миллион адам коронавирус жұқтырса, 191 мыңнан астам адам көз жұмған. Ауру жұқтырғандар саны бойынша екінші орында тұрған Үндістанда 4,6 миллионнан астам адам індетке шалдыққан. Мұнда коронавирустан 78,5 мың адам қайтыс болған. Бразилияда расталған жағдайлар саны бойынша үшінші орында. Мұнда ауру жұқтырудың 4,2 миллион жағдайы тіркелген. Бразилияда 130 мыңнан астам адам коронавирустан көз жұмған.

Францияда өткен тәулікте 6 мыңнан астам адам қауіпті инфекция жұқтырып, 34-і көз жұмды. Жансақтау бөлімінде жатқандардың саны да артып барады. Елдің Премьер-министрінің айтуынша, жағдай нашарлап жатыр, ал билік қазір тестілеу зертханаларын, оның ішінде уақытша зертханаларды кеңейтуге басымдық беріп отыр. Онда жергілікті билік күшейтілген қауіпсіздік шараларын енгізуге, жиналыстарға тыйым салуға және кәсіпо-

рындардың жұмыс режимін түзетуге құқылы.

ШЕКТЕУДІ БҰЗУҒА БОЛМАЙДЫ

Юньнань провинциясының (Қытайдың оңтүстік-батысы) билігі шекаралас 8 округте (қала) және 25 уезде (қала) жаңа коронавирустың таралуын болдырмау үшін «әскери жағдай» енгізді.

Австрия да сақтық шараларын күшейтуде. Ел билігі еуропалықтардың қыс бойы ежелетінін мәлімдеді. Осы себепті елде карантиннен зардап шеккен кәсіпорындарға көмектесу үшін жаңа экономикалық пакет әзірлеу жоспарында қарастырылды.

Ұлыбританияда індеттің күшеюіне байланысты адамдардың топтап жиналуына шектеу енгізілді. Тұманды Альбионда енді 6 адамнан артық басқосуға болмайды. Тәртіп тек ғимарат ішінде ғана емес, көшедегі кездесулерге де қатысты. Шектеуді бұзған азаматтарға 100 фунт айыппұл салынады. Ал талапты екінші қайта бұзған адам 3 мың 200 фунт стерлинг төлеуі мүмкін. Бірақ полиция бастапқы кезде адамдарға бірден айыппұл салмай, тек түсіндірме жұмыс жүргізіп, ескертумен шектелетінін айтады. Себебі жаңа тәртіпті қолдану қиындық туғызуы мүмкін.

ЖАЗАНЫҢ ДА ТҮР-ТҮРІ БАР

Түркияда бетперде кимегендер айыппұл төлеп қана қоймайды. Тәртіп бұзғаны үшін 3 күн карантинде жатып, 10 кітап оқуы тиіс. Сакария провинциясында осындай шараны қолданысқа енгізді. Шаһар губернаторы Четин Октай Калдырым мәлімдеуінше, қазірдің өзінде 65 тұрғын осындай жаза өтеп жатыр.

Индонезияда ауру санының өсуі байқалады, мысалы, Грезика қаласында COVID-19 пациенттерінің саны өсуде, жергілікті ауылдарда карантиндік шектеулер күшейтілді. Осы Гресик округінде карантиндік ережелерді елемей-

тін тұрғындарды қоғамдық жұмыстарға салып жазалай бастады, бетпердесіз ұсталған ер адамдар коронавирустың құрбандарына бейіт қазуға жіберіледі екен. Жергілікті үкімет өкілі журналистерге бейіт аумағында тек үш кәсіби қабір қазушылар қалғанын, сондықтан «оларға көмектесудің зияны болмасы анық» деп жауап берген.

ІНДЕТ КЕДЕЙЛЕРДІ КӨБЕЙТЕ МЕ?

Британдық жұмыс берушілер күзде кем дегенде жарты миллион қызметкерін жұмыстан шығаруы мүмкін деген болжам да бар. IES базалық сценарийі бойынша 2020 жылдың үшінші тоқсанында 690 мың жұмыс орнын қысқартуды көздейді. Сонымен қатар, қазан-желтоқсан айларында тағы 205 мың жұмыс орны жабылуы мүмкін. Дегенмен IES зерттеуі мұндай қысқартулар міндетті түрде жаппай жұмыссыздыққа әкелмейді деп ескерткенімен, мұның халықтың әлеуметтік жағдайына әсері болмай қалмасы белгілі.

Covid-19 пандемиясы әлемнің дамуын кері бұрып жіберді деген сарапшылар қазір осы мәселені талқыға салып жатыр. Яғни олар өркениет қанша жылға кері кетті деген мәселеге бас қатыруда. Билл және Мелинда Гейтс қорының дүйсенбі күні шығарған жыл сайынғы баяндамасында 20 жылға қатысты мәселе көтеріліп отыр. Құжатта пандемияның бірнеше айы халықаралық ұйымдардың жылдар бойы атқарып, қол жеткізген жетістіктерін құрдымға жібергені айтылады. Қайыршылық жағдайда өмір сүріп жатқан адамдардың саны осы уақытта жеті пайызға өскен. Бұдан бөлек, басқа ауруларға қарсы вакцина егу жағдайы 1990 жылдардағы деңгейге түскен.

Бетті дайындаған Жадыра ШАМҰРАТОВА



ЖАҢАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



АҚ ҮЙДЕГІ ТАРИХИ КЕЛІСІМ

Израиль Біріккен Араб әмірліктері және Бахрейнмен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты.

Араб мемлекеттері ондаған жылдар бойы Израильді мойындамай келген. Осы уақытқа дейін еврей мемлекетімен тек Мысыр мен Иордания дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан болатын. Алайда соңғы жылдары Иранға төтеп беру бағытында Израильмен Парсы шығанағындағы елдер жақындаса бастады. Бұған АҚШ әкімшілігі үлкен үлес қосты. Дональд Трамп жақын арада тағы да 5 араб мемлекеті Израильмен келісімге келетінін мәлімдеді.



ИТАЛИЯ БОСҚЫНДАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Жерорта теңізінде 40 күн болып, Дания елінің кемесіне отырғызылған мигранттар тобына Италиядан түсуге рұқсат етілді.


Арасында жүкті әйел бар 27 мигрант Ливиядан 2 тамыз күні аттанған, мигранттар отырған қайық суға бата бастаған соң Дания елінің жақын маңда жүзген Maersk Etienne танкеріне отырғызылды. Мигранттар Mediterranean Saving Humans үкіметтік емес ұйымы ұсынған құтқару кемесіне отырғызылып, одан кейін Поццало айлағына жіберілген. Reuters агенттігі былтыр Италия жағалауына 5200 мигрант түссе, биыл олардың саны шамамен 19400 адам болғанын атап өтті.



ҚЫТАЙДА ВАКЦИНА БАҒАСЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

China National Biotech Group (CNBG) фармацевтикалық компаниясы өндіретін коронавирусқа қарсы қытайлық вакцинаның екі дозасының бағасы 1000 юаньнан (шамамен 146 доллар) төмен болады.

Вакцина биылғы жылдың желтоқсан айында саудаға шығады деп жоспарланып отыр. CNBG бас заң кеңесшісі Чжоу Сунның айтуынша, компанияның екі вакцинасы БАӘ, Бахрейн, Перу, Марокко, Аргентина және Иордания бар 10-нан астам елде қауіпсіздігі мен тиімділігі тексерілетін сынақтың үшінші кезеңінен өтуде.



Қазақтың алғашқы ағартушы-демократтары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлының ел алдындағы еңбектері, демократиялық ой-пікірлері жайлы құнды деректердің баршасы мұрағат қазынасынан ертелі-кеш табылып жатыр. Бұл мәселенің Абай шығармашылығы, оның өмірін зерттеп жинақтауға да ерекше қатысы бар.

генерал-губернаторы, генерал-майор».
(Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві Қор-369 тізбе 1, іс-871, бет 35)

Әр тарапқа хат жазып, полицияны дүрліктіріп жүрген Қосшығұлов деген кім? Абайға жазған хат бар ма? Бар болса, айтары не? Бұл дүрліктің аяғы немен тынды?

Рас, мұрағат қойнауында бір ғасырдан астам жатқан осынау құжаттардың мазмұны айналасында кейінгі елу жыл бойында анда-санда болса да Абай өмірін зерттеушілер, кейбір тарихшылар сөз қозғап жүрді.

Әлбетте, абайтану ғылымының, Абай дәуірін, оның өмірі мен шығармашылық өнерін зерттеуде ерекше орын алар бұл деректерді ақынның туғанына жүз жетпіс бес жыл толу қарсаңында қалың оқырмандарға тағы бір рет ұсынуды жөн көрдік.

Мұрағат деректеріне бақсақ, қазақ жұртының тіршілігі мен тағдырына қатысы бар қысталаң шақта ел ағасы деп санап Семейдегі Абайға почта арқылы хат жолдаушы – Көкшетау мешіті жанындағы интернат мұғалімі Шәймерден Қосшығұлов екен. Сөйтіп, патша тыңшыларының құлбұраулы құрығы Ақмола облысы Көкшетау уезіне қарасты Көкшетау мешітінің молдасы Ш.Қосшығұловтың мойнына түскен.

Полиция Көкшетау мешіті жанындағы интернаттан, оның шәкірттері

пен мешіт жанындағы интернат ұстазы Ш.Қосшығұлов және басқа жи, молдалар патшалық Ресейдің отаршылдық озбыр саясатына қарсы бере бастаған азатшыл, демократияшыл үнді тұтас қазақ өлкесін қамтитын дербес діни ұйым құрып, оны мүфтиге бағындыру дейтін әрекетке бағыттаған. Осы қимыл-әрекеттің ықпалын, пәрменділігін арттыру үшін Абай Құнанбаев сияқты жалпақ қазақ жұртына құрметті елдің адамдарына да иек артқысы келген.

Патша әкімдері сонау Петербургтен бермен тартып Абай ауылына дейін қыруар тыңшылық жүйесін жедел құрып, ақыры жедеқабыл 1903 жылы сәуірде Семей уезінің басқаруымен келген жасауылды топ ақын ауылын қоршап алып, Абайдың өзінен, балаларының бәрінен жауап алынады. Семей уезі бастығының Абай (Ибрагим) Құнанбаев үйінде жазған маскара қаулысының қазақшаға аударылған нұсқасы төмендегідей:

«1903 жылғы сәуірдің 23 жұлдызы. Мен, Семей уезінің бастығы Навроцкий, Семей облысы әскери губернаторының 1903 жылғы 18 сәуірдегі №111 тапсырмасын орындап, Шыңғыс болысының қазағы Ибрагим Құнанбаевтың ауылына келдім. Губернатор мырзаның жоғарыдағы тапсырмасына сәйкес Құнанбаевтың сол сәтте үйінде болған балалары Мағауия мен Тұрағұлдан табылған хат-хабарларды тұтқындадым және

ТАРИХТА ҚАЛҒАН МІНЕЗДЕМЕ

«Абайдың өмірбаянын зерттеп, толықтырып жазу жұмысы жетер өрісіне жетіп, аяқталған жоқ. Ерекше көңіл бөліп, кейінгі зерттеушілердің есіне салып өтер бір жай, ақын жөнінде орыс тілінде сақталған деректер туралы. Анығында, Абайдың өмірбаянын оқыған кісінің бәріне мәлім нәрсе, оның патша ұлығымен, қызметшілерімен кеңселерде аса көп рет кездесулері туралы болады. Крестьян начальнигі, ояз начальнигі жандарал, округ соты, Омбыдағы корпус (генерал-губернаторлар) кеңселері барлығының мұрағаттарында Абай жөнінде әлі де бірталай жаңалықтар табуға болатын тәрізді» деп кезінде дұрыс жол сілтеген Мұхтар Әуезов еді.

Соның бірі де, бірегейі де Абайдың бұл дүниеден өтерінен бірер жыл бұрын ақын ауылына Семей ояз бастығының өзі бастап келген қарулы топ қоршап тұрып, үйін және оның өне бойын сұқтана тінтуі болып табылады. Тобықты елі ішінде аңыз ретінде таралып кеткен осы бір оғаш оқиғаны бір топ Абай замандастарының естелігі ретінде баспа бетінде 1940 жылы тұңғыш рет шығарушы абайтану ілімінің негізін салушы, заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезов болатын.

Абай өмірбаяны М.Әуезов тарапынан төрт рет түбегейлі жазылып, әр нұсқа өз кезегінде көптеген тың деректермен толықтырылып, көмескі мағлұматтардан барынша арылып отырған. Бұл нұсқалардың ішінде Абай өмірбаянының 1940 жылғы екінші нұсқасының алар орны ерекше. Абай өмірбаянының осы екінші нұсқасын қайта толықтырып, соны

деректермен жетілдіру мен «Абай» романының алғашқы кітабын қосарлана қатар қағазға түсіру М.Әуезов үшін тіпті де кездейсоқ емес еді.

Мәнді мағлұматтарды мол қамтыған ақынның 1940 жылы латын әрпімен жарық көрген екі томдық шығармаларының екінші томында «Абай жайында Мадияр, Қатпа, Әрхам, тағы басқалардың айтқан әңгімелері» деген М.Әуезовтің жазбасы басылған екен. Міне, осы жазбаның бір жерінде ұлы ақын патшалық билікке қарсы басқа жақтағылармен жазбаша байланысы бар саяси сенімсіз адам емес пе екен деген күдікпен 1902 жылы ақын үйі тінтіліп, Абай атына жазылған бөгде бір адамның хаты іздестірілгені қысқаша белгі беріп қалады.

Тінтілген үйінен және ақынның бойынан табылмаған сол бір хатты ақыры әйелі Еркежан өз қалтасынан шығарып, оязға берген екен. Алайда естелікте хаттың нақты мазмұны, немесе одан туындаған зардаптар жайында ешқандай әңгіме болмайды.

Әрине, естеліктің аты естелік. Оның артық, кем соғып жатар тұстары бола береді. Міне, бұл олқылық 1950 жылы Қазақ ССР Орталық мемлекеттік мұрағат қызметкері Ф.Киреев тапқан дәйекті деректермен біршама толықты (Қазақ ССР Орталық мемлекеттік архив, Қор-15, тізбе-2, іс-339). Мұрағаттық деректер негізінде ұлы ақынның басынан өткен сол тосын ауыртпашылық туралы танымы мен нанымды мол алғашқы мақала жарық көрді (Альманах «Қазақстан», 1950, №2).

Мұрағат қоймасында сақталған көлемі 300 беттік осы істің ішіндегі құжаттар мазмұнына қарағанда XX

ғасырдың бас кезінде қазақ өлкесін уысында шындап ұстау үшін оны басқару жүйесіндегі патша үкіметі жаңа тәртіптерді батыл енгізе түскен. Оның бір ұшығы дін мекемелері мен мектептерді де қамтыған. Сол кездегі Ақмола, Қызылжар, Көкшетау, Кереку өңірлерінде мешіттер жабылып, молдалардың мұсылман дінінің заңы – шариғат жолымен қызмет атқаруына тыйым салына басталған. Мұндай әрекеттер кезінде ел ішінде едәуір дүмпу туғызып, сонау Омбы мен Петербургке дейін арыз-шағымдар көбейген.

Ішкі істер министрлігінен бастап, дала губернаторы, ояз крестьянский начальник сияқты алуан шенді патша ұлықтары ел ішінде мұндай үнге өте-мөте үрке қараған. Қарсы пікір айтушыларды қуғындап, жедел қатаң жазалап отырған.

Мұрағаттық деректерге сүйенсек, ұлы ақын үйіне тінту, шындығында, 1903 жылы көктемде жүргізілген. Ақын өмірінен хабарлары мол Тобықты елінің қариялары М.Әуезовке айтқан әңгімелерінде тек бір жылға ғана жаңылысқан.

Осы бір ақын өміріндегі қалпы да оқшау оқиға 1903 жылы 8 сәуірде Ақмола облысы әскери губернаторының Семей облыстық губернаторына берген төмендегідей жедел хатымен басталады.

«Қосшығұловтан почта қолхаты табылды. Ол 1902 жылы 6 маусымда Батовскідегі Садуақас Шормановқа, Зайсандағы Кеншиновке, 1903 жылы 7 наурызда Семейдегі Құнанбаевқа хат жолдапты. Тінту жүргізу керек.

Романов, Ақмола облысының әскери



Ш.Қосшығұлов

қолынан гектографқа басылған, арабша жазылған жүзден астам кітапшалар тауып алған. Осындай тінту барысында Қосшығұловтың қалтасынан Семей губерниясында тұратын Абай атына жолданған хаттың түбіршігі шыққан. Полиция осы іс төңірегінде қатты дүрлігіп, аталған хаттың үкіметке қарсы әлдебір оғаш пиғылдар бар ма деген күдікпен, оның білмек үшін жанталаса әрекетке көшеді. Осыған байланысты Көкшетау мешітінің бас молдасы Наурызбай Таласов пен оның көмекшісі Қосшығұлов абақтыға жабылып, үстерінен қылмыстық іс қозғалған. Ұлы ақын есімінің полиция тізіміне ілініп, тінтуге душар болғаны осы Қосшығұловтың ісіне байланысты.

Көкшетау молдасы Н.Таласов

оларды Шыңғыс болысының болысы Рыздықбай Құдайбердин мен уезд басқармасының іс жүргізушісі Оспанов секілді куәлердің көзінше арнаулы қорапқа салып, Семей уезі басқармасы мен Шыңғыс болысының мөрлерімен қаттап бекітті және қорапты ішіндегі хат-хабарларымен әскери генерал-губернатор мырзаға тапсыруға қаулы еттім.

Ибрагим Құнанбаевты тінту кезінде менің оған қойған «Көкшетаудан әлдеқандай хат алған жақсы ба?» деген сұрағыма Құнанбаев былай деп жауап берді: «Биылғы қыста, осыдан екі ай бұрын Көкшетаудан белгісіз біреуден тапсырысты хат алғаным бар. Жауап хатыңызды Заит Башировтың атына жазарсыз депті. Белгісіз адам хатына Семей облысының құрметті қазағы есебінде Құнанбаевтан өкімет орындарының алдына қазақтардың мұсылман діни жиналысын құру туралы мәселе көтеруіне жәрдем етуін сұрайды».

Сол хатты маған беруін талап еткенімде Құнанбаев оны бұдан екі күн бұрын өзінің ұлы Тұрағұлға бергенін айтты. Осы арада тұрған ұлына әкен берген хат қайда деп сұрақ қойғанымда, бұл хатты ол Шыңғыс болысының болысы Рыздықбайға табыстағанын айтты. Тінтіп қарағанда бұл хат соңғысының бешпет қалтасынан табылды.

Бұл хат тінту кезінде Құнанбаевтан алынған барлық хат-хабарларға қосылып, бір қорапқа қатталды. Ибрагим Құнанбаевтың ұлы Тұрағұл Ибрагимовтан жауап алғанымда, ол әкесінен алған хатты жуырда Шыңғыс болысына өзге бір мақсатпен емес, оған шылым орауға бергенін, өйткені оның әкесі



де, өзі де бұл хатқа пәлендей мән бермегенін айтты. Ибрагим Құнанбаевта Көкшетаудан келген хаттың сырт қабы сақталмаған. Жоғарыда айтылғандарды осы актіге жазып қоюға қаулы еттім. Қатысушыларға бұған қол қою ұсынылды. Бұл акт қатысушыларға оқылып берілді және тінту кезінде Құнанбаевтан алынған хабарлар олардың көзінше қатталып бекітілді.

Семей уезінің бастығы НАВРОЦКИЙ. Ибрагим Құнанбаев. Мағауия Ибрагимов. Турағұл Ибрагимов. Болыс Рыздықбай Құдайбердин. (бәрінің қолдары қойылған). (Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві. Қор-369, тізбе-1, іс-871 беттер 145-146)

Ал Көкшетаудан келген хат мазмұны төмендегідей: «Ассалаумағалейкум! Жоғары мәртебелі, аса құрметті, жұрт ардақтайтын Ибрагим мырза! Сізге Ақмола облысының барша уезінің қадірмен адамдарының атынан өкілдік алып жазып отырмын. Мұндағы қазақ халқының мұқтаждық хал-жағдайы 15 мамырдан әрман қарай мағлұм болмақшы, өйткені жиналған малды сатуға тура келеді.

Халық қамқоршысы ретінде Сізден, еш хабар-ошар ала алмадық. Ал сізден әлдеқайда шалғайда жатқандар хабар беріп тұр. Жетісу облысында болатын кеңесті күтудеміз әмбе тері-терсек сатылатын Семей жәрмеңкесінің өтетін мерзімін күтпін жүрген жайымыз бар. Мерзімі әлі бұрынғыдай. Жәрмеңкеден қазаққа келер пайда да шамалы, бұл жағын жұрттың бәрінен бұрын өзіңіз жақсы білсеңіз керек-ті.

Баяғы дәурен өтті де, өлетін заман жетті де. Барлық жай-жапсарды айтып ақылда-суға болар еді, амал не, қазақтың мүддесін, шағын ойласуға кедегі жасап тұр ғой. Хатты мына жайға: Көкшетау қаласы, қазақ мектебі, Абдулла Зиядуға тисін деп әдепкі жолмен жіберсеңіз аламыз. Хат жазушы мына мен пақыр, әлі де көп дүние жазар едім, әзірше үндеместен осымен тәмам етемін.

1903 жыл, 6 наурыз». Мұрағаттық істегі хаттың сол кезде губернатор тілмашы орыс тіліне аударған нұсқасын қазақшалағандағы мазмұны осындай. Хаттың араб әрпімен жазылған түпнұсқасы Қазақстан мұрағат мекемелерінің ешбірінен әзірше табылған жоқ. Табылуға тиіс деген үміт әлі де бар.

Осы бір мұрағаттық істі байыппен қараған кісіге Көкшетаудағы белгісіз адамнан Абай атына екі хат келгені байқалады. Бірінші – жоғарыдағы, 23 сәуірде уезд бастығы тінту жүргізіп, Рыздықбай болыстың қалтасынан тауып алынған хат. Бұл кезде полиция тұтқындаған Қосшығұловтан табылған түбірек бойынша дерегі мәлім болған 7 наурызда Көкшетаудан жіберілген екінші хат Абайдың қолына әлі тимеген, Арқат почта-телеграф кеңсесінде «тұтылып» жатқан. Бұл екінші хатты кейін, бір айдан соң, 29 мамырда Абайға Семей оязының өзі ілесе келіп, ақынға екеуі көзбе-көз қарап тұрғанда табыс етілген. Ақын оны сол жерде оқып шыққан соң, хатты қорабымен ояздың қолына ұстатқан.

Тағы бір ерекше атап өтерлік жай, мұрағаттық құжаттарының ішінде осы екі хаттың түпнұсқалары сақталмаған. Тегі, олар табылған соң заттық айғақ ретінде үстінен қылмыстық іс қозғалған Ш.Қосшығұловқа арналған дербес іс қағаздар құрамына қосылған болар дейміз.

Мұрағаттық құжаттарға зер сала қарасақ, қазақ жұртының сол кездегі саяси-әлеуметтік ахуалы, жеке адамдардың қоғамдағы орны мен құқықтары, патша әкімдерінің айла-әрекеттері-жайлы алуан түрлі пікір түйіндеуге болады. Бұл деректердің өте-мөте құндылығы, Абайдың заманындағы қоғамдық рөлі тек байтақ қазақ өлкесінің алуан түрлі аумақтарына аяқ-даңқы жеткен ел ағасы есебіндегі беделі жайында куәгер деп бағалауға болады.

Патша үкіметінің әкімшілік органдарының іс қағаздарына топтасқан осынау шоғыр құжаттардың ішінде, біздіңше, өте-мөте екі құжаттың мазмұны алабетен қымбат, берер мағлұматы бағалы екені даусыз.

Біріншісі – Семей облысы әскери губернаторының 1903 жылы 23 қыркүйекте Абай (Ибрагим) Құнанбаев жайлы сонау Петербургтегі Ішкі істер министрлігінің департаментіне жолдаған мінездемесі. Түпнұсқа орыс тілінде жазылғандықтан, оны қаз-қалпында ұсынууды жөн көрдік.



А.С.Галкин

«Киргиз Чингизской волости Ибрагим Кунанбаев имеет от роду 60 лет, (58-Г.3) женат на трех женах, от которых имеет 9 человек детей. Обладает сравнительно большим состоянием (около 1000 лошадей и 2000 баранов). Кунанбаев весьма развитый и умный. Он служил два трехлетия биом, три трехлетия управителем Чингизской волости, а затем по назначению от правительством прослужил три года управителем Мукурской волости. Служба Кунанбаева отличалась разумным управлением, исполнением, энергией, преданностью правительству и отсутствием фанатизма.

Один из сыновей Кунанбаева по окончании курса Михайловского артиллерийского училища был произведен в офицеры и, будучи на службе, умер в Туркестанском округе. Ныне замужняя дочь его пишет и читает по-русски. Грамоте ее учил отец. Кунанбаев весьма интересуется литературой, выписывает книги, журналы и газеты.

В прежнее время он пользовался громадным влиянием среди иногородского населения степи, но в настоящее время влияние его далеко не то. Он постарел, не принимает на себя руководства в партиях, хотя главари их часто обращаются к нему за советом.

В разговорах и суждениях своих с лицами Кунанбаев обнаруживает полное понимание

государственных интересов и правильные взгляды на культурную миссию нашего отечества в наших азиатских владениях.

Он с негодованием осуждает попытки мусульман-фанатиков противодействовать правительству в его стремлениях. Искренность высказываемого убеждения, полагаю, достаточно доказывает его поведение.

Эти данные указывают, что Кунанбаев в политическом отношении не внушает никаких опасений и должен быть причислен к числу лиц вполне благонадежных.

А.С.Галкин, военный губернатор Семипалатинской области, генерал-майор. Исх. №203. 23 сентября 1903 г. (ЦГА Республики Казахстан. (Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві Қор-369, тізбе-1, іс-871 беттер 88-89)

Міне, патша әкімдері ұлы Абай туралы күдікті мағлұмат жинаймыз деп, ақыры оған осындай мінездеме жазуға мәжбүр болған. Кезінде Абай басын әжептәуір шығарлаңға салған осынау оғаш оқиға барысында пайда болған бұл құжаттардың тарих үшін, ғылым үшін берер тағылымы аз болмаса керек. Ел ішінде сол кездегі азатшыл ойдың дәрімінен мен сарыны жайында, әсіресе, Абайдың байтақ қазақ даласында ел ағасы ақылшы есебіндегі алар орны мен беделі жайында тұжырым түйіндеуге тетік болар қасиеті мол. Осы құжаттардың ішіндегі екінші бағалы мұра Семей уезі бастығының сол 1903 жылы 23 сәуірде Абай үйінде жазылған қаулысы дер едік. Бұл құжатта біздер үшін де, болашақ үшін де қасиеті жоғары бағаланатын және айрықша сипатты – онда атақ-даңқы, асыл мұрасы асқақтай көтерілген заңғар Абайдың, дана Абайдың «Ибр. Кунанбаев» деп орысша жазған өз қолтаңбасының сақталғанында. Бұл қолтаңба «Барынды салсан да, балаңа орыстың ғылымын үйрет»



Мұрағаттық құжаттарға зер сала қарасақ, қазақ жұртының сол кездегі саяси-әлеуметтік ахуалы, жеке адамдардың қоғамдағы орны мен құқықтары, патша әкімдерінің айла-әрекеттері жайлы алуан түрлі пікір түйіндеуге болады. Бұл деректердің өте-мөте құндылығы, Абайдың заманындағы қоғамдық рөлі тек байтақ қазақ өлкесінің алуан түрлі аумақтарына аяқ-даңқы жеткен ел ағасы есебіндегі беделі жайында куәгер деп бағалауға болады

деп өсиет айтқан Абайдың Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларын сүйіп оқып қана қоймай, оларды ең алғаш қазақшаға аударып, қазақ сахарасына таратқан Абайдың, өз кезінде орыс тілінде шығып тұрған көптеген газет-журналдарды жаздырып алып оқыған Абайдың өз басының орысша сауаты, орысша әріптерді әріптеу мәнері жайында бұлтартпас дәлел болатын тарихи-ғылыми баға жетпес айшықты айғақ десек, артық айтқандық болмайды.

Ал жоғарыда түпнұсқасы толық келтірілген әскери губернатор кеңсесінің ресми мінездемесі Абайдың тіршілік кәсібі, ел ішіндегі алар орны, өмірге көзқарасы, отбасы жағдайы, балаларының тәрбиесі мен сауаты жайы мәнді мағлұматтар береді. Мұрағатта сақталған осы және басқа нақты құжаттарды ақынның шығармаларымен қабыстыра қараған кезде «соқтықпалы, соқпақсыз жерде өскен», «мыңмен жалғыз алысқан», «Қазағым қалың елім, қайран жұртым» деп толғанған азамат ақынның шырғаланы, қабат-қабат өрелі өмірінің өзекті соқталары суленіп шыға келеді.

Бұл құжаттардан Абайдың әр нәрсенің ұшығына жетпей, жарым шешім қабылдамайтын сақ, әрі сабырлы, мінезі қиын-қыстау, тар жерде де сырбаз мінез танытып, онды, ұтымды жол таба білетін, сергек те тапқыр, ақылды, қалың қауым, қоршаған орта, лауазымды шен-шекпенді адамдар арасында да, ағайын-туыс айналасы мен балаларының алдында да риясыз беделді, айбынды қияпаты қапысыз көрініс береді. Абайдың өз кіндігінен туған балалары Мағауия мен Турағұл сөздері мен әрекеттері де, «әке көрген оқ жонар» демекші, оңтайлы, көңілге қонымды, сасқалақ, ұшқалақ емес, үрейшіл ынжықтықтан ада, ел қадірлеген әкеге лайық тәлім-тәрбие көрген абзал азаматтар нышанын аңғартады.

Ал қазақ елі ортасында сол кездегі абыройы асқар, беделі биік Абайды біліп, оған хат жазып жүрген Шәймерден Қосшығұлов кім?

Әзірше табылған мұрағаттық деректерге қарағанда, Шәймерден Қосшығұлов 1877 жылы Ақмола облысының Көкшетау уезіне қарасты Қотырқөл болысында дүниеге келген. Ол жасынан мұсылмандық құқық негіздерін үйренуге бой алдырып, оның қайырымдылық, имандылық және сауапшылыққа қағидаларын халық арасында кеңінен насихаттауға атсалысып, зорлық-зомбылық әрекеттерге қарсы ұн қатып отырған. Сол мақсатпен ол Қазан, сондай-ақ Ресейдің басқа қалаларынан өз қаражатына 100-ге тарта Құран кітабын сатып алып, оны халық арасына тегін таратқан. Сондай кітаптардың бірін алу үстінде кішкене Жақып деген:

Ассалаумағалейкум ақын молдам, Дініне исламның жақын молдам. Алдырдың жүздей кітап, дін ашуға, Жарайды осы ісіңіз, мақұл молдам, – деп, қолма-қол алғыс айтқан екен.

Сондай-ақ Ш.Қосшығұлов ел баспа өнімдерін көбірек тарату мақсатымен өзге шет жақтан кітап, не газет шығаратын қорғасын әріптерін де әкеле береді. Міне, осы әрекетімен қоса Абайға жазған хатында үкіметке қарсылық әрекет бар деген негізде ол 5 жылға Үркіт аймағына сот үкімімен жер аударылды. Алайда Шәймерден Қосшығұлов Романовтар әулетінің патшалық етуіне 300 жыл толуына байланысты алғашқы кешіріміне орай еліне оралады.

Бірақ сөз Ш.Қосшығұловтың туған әкесі жайында. Соңғы жылдары

қазақ мерзімді баспасөз беттерінде Абай әкесі Құнанбайдың жақыға баруы жөнінде біршама мақалалардың жарияланғаны аян. Міне, солардың бірінде (Р.Отарбаев. «Меккедегі төрт үй». «Парасат» журналы, 1992 жыл, №1). Құнанбаймен Мекке жаққа сапарлас болғандардың ішінде Қосшығұлов Шопанұлы дегеннің де аты-жөні кездеседі. Бақсақ, бұл Шәймерденнің әкесі екен. Өйткені ол сол кездегі Ақмола аймағын мекендейтін Атығай елінен Меккеге барып қайтқанға саяды.

Халық арасында Ш.Қосшығұловтың беделі биік болғанға ұқсайды. Міне, сондықтан да оны жерлері халықтың ұлттық намысын қорғай білетін азамат ретінде танып, Ресейдің Бірінші Мемлекеттік Думасына мүше етіп те сайлаған. Бұл туралы «Туркестанские ведомости» газеті 1906 жылғы 91-санында былай деп жазған екен:

«Омск. Членом Государственной Думы от Семипалатинской области избран Букейханов, от Акмолинской области – Косчигулов».

Қосшығұлов туралы тағы біраз дәйекті деректі 1906 жылы Мәскеуде М.Бойович дегеннің құрастыруымен шыққан «Мемлекеттік Дума мүшелері. Суреттері мен өмірбаяндары» атты (орыс тілінде) кітаптан да кездестіруге болады. Ол тарихи айғақ мынадай:

«Қосшығұлов Шәймерден – қазақ. Көкшетау молдасы. Білімді Бұқардан алған. Қазақ арасындағы халық сотына түбегейлі қарсы. Шарифатты жақтаушы. Мүшелікке сайланғаннан кейін оның орыс тілін білмейтіндігі белгілі болып, онысы «Мемлекеттік Дума сайлау ережесінің» 55-бабына сәйкес келмегендіктен, облыстық сайлау комиссиясы бұл сайлау қорытындысын жаратпай тастаған. Ол Ақмола облысы қазақтарының арасынан сайланған». Әрине, Шәймерден молда жөніндегі бұл мәлімет Петербургке жалпы сайлау қорытындысы тұсында жетке керек. Сол себепті де тиісті дауыс алған мүшелер қатарында тізімге енген. Ал бірақ, оның 1906 жылы сәуірде басталған 1-Дума жұмысына қатыспағаны рас. Сондықтан да оның суреті Бірінші Думаға қатысты кітаптарға да енген.

Ал Шәймерден Қосшығұлов туралы тағы да сөз қозғар болсақ, ол да айтуға тұрарлықтай. Ол, әсіресе, 1907 жылы Петербурда тұңғыш рет қазақ тіліндегі «Серке» атты газетті шығаруы ұйымдастырушылардың бірі болып табылады. Ш.Қосшығұлов та 1932 жылғы ашаршылық зардабына ұшырап, Омбы қаласына қоныс аударған, сол жақта аштан қайтыс болған.

Түбегейлі іздеушісі келіссе, республикамыздың мұрағатынан да, Мәскеу мен Петербургтің, Омбы мен Ташкенттің мұрағат қазыналарынан әлі де талай-талай Абай туралы дәйекті деректер табылуы мүмкін. Бұған соңғы кезде Ресейдің орталық мұрағатынан табылып жүрген Абайдың Сенатқа хаты («Қазақ әдебиеті», 1981, 24 сәуір), сондай-ақ 1876-1878 жылдардағы орыс-түрік соғысы кезінде ақынның жазған ашық хаты («Қазақ әдебиеті», 1963, 16 шілде) куә болса керек.

Абай шығармашылығын талдау, халыққа таныту, тарату жөнінде бүгінде қыруар іс тындырылып жатқанын мойындай тұрсақ та, ақын өмірін ғылыми тұрғыдан, мұрағаттық деректер негізінде зерттеуді жетілдіре, жалғастыра беру арқашында күн тәртібінен түспейтін борыш деп ұғуымыз ләзім.

Ғабит ЗҰЛХАРОВ, еңбек ардагері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

2012 жылы мемлекеттік рәміздеріміздің қабылданғанына 20 жыл толды. Астана «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін өткізу мәртебесіне ие болды. Қазақстан спортшылары Лондонда өткен XXX жазғы Олимпиадада бұрын-соңды жетпеген жетістікке қол жеткізді. Жалпы сол жылы ел тынысы мен Астана өмірінде сүйіншілейтіндей жаңалықтар аз болған жоқ. Соның бәрі «Астана ақшамы» газеті беттерінен айшықталды.

© Аманғали ҚАЛЖАНОВ

САНЖАР НЕМЕСЕ СЕЗІМ, СЕНІМ, СЕНЕМ

Жаңа жыл табалдырығымыздан аттағанда Астана қаласының үш перзентханасында 37 сәби дүние есігін ашты. «Жылдың тұңғыш сәбиі 31 желтоқсаннан 1 қаңтарға қараған түні сағат 01-ден 55 минут өткенде №1 перзентханада туды. Елордалық Нұрлан Дүйсеғалиев пен Ғалия Темірболатқызының шаңырағында Ұлу жылының алғашқы астаналық ұлы дүниеге келді. Сәбиге ата-анасы халқына жанашыр, ұлтын алға сүйрейтін адал азамат болсын деген ниетпен қазақтан шыққан алғашқы медицина мамандарының бірі Санжар Асфендияровтың есімін берді» («Астана ақшамы», №2, 7 қаңтар, 2012 жыл). Бұл ақпараттан жылдың үшінші күні төрт бала тәрбиелеп отырған Гүлназ Аймағамбетова Сезім, Сенім және Сенем атты үш қызды дүниеге әкелгенін білеміз.

ТМД ЖӘНЕ ЕУРАЗӘҚ-ТІҢ ҮЗДІК ҚАЛАСЫ

Астаналар мен ірі қалалардың халықаралық Ассамблеясы ұйымдастырған байқаудың қорытындысы бойынша Астана «ТМД және Еуразәқ-тің үздік қаласы» атанды. Бұл Астананы «Ақылды қалалар» қатарына бастаған «Е-жедел жәрдем» және «Болашақ мектебі – бүгін»

24 ақпан күні елорданың Бейбітшілік және келісім сарайында «Астана-2012 – түркі әлемінің мәдени астанасы» жылының ашылу салтанаты өтті. «Осынау шараны еліміздің Мәдениет және ақпарат министрлігі мен «Қазақ әуендері» қоғамы ұйымдастырды. Салтанатты рәсімде министр Дархан Мыңбай сөз сөйледі. Түркияның Мәдениет және туризм министрі, ТҮРКСОЙ-дың уақытша үйлестірушісі Эртуғрул Гюнай түркі мәдениетінің былығы тізгін иесі қазақ халқына Түркия елінен жалынды сәлем жолдады» («Астана ақшамы», №24, 28 ақпан, 2012 жыл).

ҚАЛАМҒЕР ҚОЛДАУЫ

Астананы Алатаудан Арқаға көшіру туралы Елбасы шешімін журналистерден алғашқы болып қолдаған кім? Бұл Ғалия Бөкейқызының газет тілшісі Гүлжан Рахманға берген сұхбатынан белгілі болады. «Ағам 1992 жылдың шілде айында Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевпен бірге жұмыс сапарымен осы Ақмола облысына келді. Ол кезде өзі – «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы. Осы жолсапар жайлы үлкен мақала жазды... Онда Елбасының Ақмолаға келгені, Ерейментау ауданын аралағандағы апталық сапардың мән-жайын жазған. Осы жолы Президент Ерейментауға келгенде журналистерге ой салып: «Түбінде астананы Ақмолаға

ТАПСЫРМАДАН ТУҒАН МЕРЕКЕЛІК ТАРТУЛАР

Сәуір айында Елбасы Астана қаласы активімен жиналыс өткізген. Оған қатысқан газет тілшісі Президенттің сөзін келтірген. «Тұтастай алғанда елорда бюджеті 2011 жылы 353 млрд теңгені құрады. Халықтың жан басына шаққанда мұны Прага қаласының деңгейімен салыстыруға болады. Астана бюджет көлемі бойынша Киевтен 1,5 есе, Минсктен 2,5 есе артық» деген Елбасы сол уақытта құрылысы жүріп жатқан «Әзірет Сұлтан» мешітін пайдалануға беру мәселесіне де тоқталған. «Мен күнтізбені қарадым. 6 шілде қандай күн екенін білесің бе? Менің туған күнімді ойлап тұрсың ғой. Ал мен қала күні екендігін меңзеп отырмын. Жұмаға да дәл келеді екен. Мен жұма күні осы мешітті ашқым келеді. Ашуға болады ғой» деді Елбасы мердігерге қарата («Астана ақшамы», №40, 12 сәуір, 2012 жыл).

«Әзірет Сұлтан» мешітінің ашылуы Елбасы тапсырғандай, Астана күні мерекесі мен қасиетті жұма күніне сәйкес келді. Газет мұны 10 шілдеде шыққан нөмірінде сүйіншілеген. Сондай-ақ мереке күндері күй атасы – Құрманғазының ескерткіші елордада бой көтеріп, Орынбор көшесінде қаланың әуегайына апаратын автомагистраль ашылды.

САХНА ХАНЗАДАСЫ

«Жас қанат-2012» байқауы жаңа жұлдыздарды ашты. Кейіннен әлемді аузына қаратқан дүлдүл Димаштың жұлдызы алғаш рет осы байқауда жанды. «..Бас жүлде, «Алтын қанат» мүсіншесінің иегері... Зал сілттей тынды... «Жас қанаттың» жиырма бірінші жеңімпазы ақтөбелік Димаш Құдайбергесі» деген дауыс



шығысымен, бүкіл зал өре түрегеліп, қол шапалақтай жөнелді». Бір айта кетерлігі, бұл байқауда қазылар алқасы ол уақытта әлі 18 жасқа тола қоймаған Димашты «Сахнаның ханзадасы» деп бағалады («Астана ақшамы», №55, 22 мамыр, 2012 жыл).

ЖҮРЕКТІ АЛМАСТЫРУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ОТАСЫ

Сол жазда Астанадағы Ұлттық кардиохирургия орталығында алғаш рет жүректі алмастыру отасы жасалды. «Қазіргі кезде 38 жастағы ер азаматтың хал-жағдайы қалыпты... «Донордың жүрегі 46 жастағы әйел адамнан алынды. Оның миына қан құйылып кеткен. Содан өлім құшқан әйелдің ұлы анасының жүрегі мен бүйрегін донорлық мүше ретінде пайдалануға рұқсат берді. Онымен біз екі адамның өмірін сақтап қалдық» дейді дәрігер мамандар. Жүректі алмастыру отасын белгілі кардиохирург Юрий Пя және оның чех әріптесі Жан Пирка жасап шықты. Сондай-ақ бұл операцияға Германияның

мамандары қатысқан» («Астана ақшамы», №90, 14 тамыз, 2012 жыл).

ҮШ ТІЛДІ МЕНҒЕРТЕТІН ЖАҢА МЕКТЕП

2012-2013 оқу жылында елордада төрт жаңа мектеп пайдалануға берілді. Соның



бірі – №70 мектеп-лицейдің алғашқы қоңырауына Елбасы қатысты. «Заманауи жабдықтармен жабдықталған бұл мектепте 1200 бала білім алады... Жаңа лицей Б. Момышұлы мен Тәуелсіздік даңғылының қиылысында, Оқушылар сарайына іргелес орналасқан. Аталмыш лицей бірінші сыныптан үш тілді меңгертуге лайықталған. Негізгі бағыты жаратылыстану-математикалық білім беру» («Астана ақшамы», №99, 4 қыркүйек, 2012 жыл).

«ЭКСПО» МЕРЕЙІ

Қазақстан астанасы «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін өткізу мәртебесіне ие болғаны қоңыр күзде белгілі болды. «Париж қаласында өткен Халықаралық көрмелер бюросы Бас Ассамблеясының 152-сессиясына қатысушы 161 мемлекеттің 103-і Астананы қолдап, дауыс берді. Осылайша, ақтық бәсекеде Бельгиямен «белдескен» Қазақстанның бәсі биік түсті («Астана ақшамы», №133, 24 қараша, 2012 жыл).

ҰЛТ КӨШБАСШЫСЫН ҰЛЫҚТАУ

Қазақстандықтар сол жылы Тұңғыш Президент күні мерекесін алғашқы рет атап өтті. «Айтулы оқиғаға байланысты айрықша салтанат елордасы Астанада басталып, республиканың барлық аймақтарында айшықты көрініс тапты» деп жазды бұл туралы «Астана ақшамы» газеті 4 желтоқсан күні шыққан нөмірінде.



жобалары үшін берілді. Аталған ақжолтай ақпарат газеттің 28 қаңтар күні шыққан нөмірінде жарияланды.

ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІНІҢ МӘДЕНИ АСТАНАСЫ

2012 жылы Астана түркі мәдениетінің бас қаласы болып жарияланды. Бұл шешім содан екі жыл бұрын Стамбулда өткен Түркітілдес мемлекет басшыларының саммиті қарарымен қабылданды. Осыған байланысты

қарай жылжытуымыз керек. Бұл жөнінде қоғамдық пікір қалыптастыруымыз қажет. Оған журналистер, сіздер, үлес қосуларыңыз керек» депті. Президентіміздің осы саликалы саясатын тез арада жүзеге асыру керек болды. Ағам Алматыға келе салысымен өзінің қарамағындағы очерк және публицистика бөлімінің басшысы Досымқан Қапасов деген журналист жігітті Ақмолаға аттандырады. («Астана ақшамы», №30, 15 наурыз, 2012 жыл).

ҚАСІРЕТТІ ТАРИХ ЕСКЕРТКІШІ

Сол жылы бас қалада мәні мен маңызы жағынан басқаларынан еш кем емес, қазақтың қасіретті тарихын еске салатын тағы бір ескерткіш пайда болды. 1932-1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарына арналған бұл мінәжат монументі Республика мен Абай даңғылдарының қиылысында орнатылды («Астана ақшамы», №60, 2 маусым, 2012 жыл).

ГАЗЕТ ШЫҒАРУ – МАЗАСЫЗ МАЙДАН

Биыл «Астана ақшамы» газетінің жарыққа шыға бастағанына 30 жыл толып отыр. Осы мерзім ішінде қалалық апталық болып шыға бастаған басылым бүгінде еліміздегі елеулі газеттің біріне айналды десем қателеспеспін.

Ал өзімнің елордамыздың бас басылымында қызмет істей бастағаным Астананың 10 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіпті. Сондықтан, редакция алдына қойылған әуелгі міндеттердің баршасы осыған қатысты шаралардың аясында, қызу да қым-қуыт тіршіліктің барысында жүзеге асты. Бұл әрқашан бір қолдың саласындай, бір үйдің баласындай болып, ынты-шынтымен және шынайы шығармашылықпен ынтымақтаса жұмыс жасаған ұйымшыл ұжым мүшелерінің күллісіне өзінше бір толысу кезеңі болды деп санаймын. Азия ойындары, ЕҚЫҰ-ға төрағалық, ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығы сияқты маңызды шаралар тұсында да біздің газеттің журналистері өздерінің жоғары жауапкершілігін және кәсіби деңгейін танытты. Атап айтқанда, газет журналистері Азида ойындары кезінде Алматы мен Астанадағы жарыстарды қатар

қамтып, байрақты бәсекенің мәртебесін көтере білді. ЕҚЫҰ жиынын да тарихи маңыздылығына қарай көрсете білдік деп ойлаймын. Тәуелсіздіктің ширек ғасырлық мерейтойына да мазмұнды айдарлар ашып, басты мерекеміздің сән-салтанатын айшықтай алдық. Әсіресе, жасөспірім оқырмандарымыз арасында ұйымдастырған «Біздің ел осындай» шығармашылық байқауымыз сәтті шықты деп ойлаймын. Бұл байқауға республикамыздың түкпір-түкпірінен оқушылар қатысқаны қуантты. Осындай бастамаларымызға қолдау мен қамқорлық білдірген, өзекжарды өтінішімізге орай түптің түбінде редакциямызды елорданың қақ төріне орналастырған құрылтайшыларымызға ризашылығымызды айта жүргенімізді абзал көремін.

Қаланың күнделікті өмірін сан алуан қырынан, түрлі тақырыптар мен

айдарлар ауқымында ұшқырлықпен және ұтымдылықпен жазып көрсету, қысқасы, толассыз түгенделу үстіндегі Астана шежіресін шеберлікпен хатқа түсіріп, тасқа басу – газеттің машықты мезіреті, үйреншікті үрдісі. Осының өзін ақ қағаздың бетінде жайната, жарқырата өрнектеуде де тәжірибелі қаламгерлерімізден бастап талантты, талапты жас қыз-жігіттеріміз ізденімпаздықтарын айқын аңғартты. Сіңірген еңбегінің сипаттарына тоқтала бастасам, штаттағы қызметкерлердің басым көпшілігін тізіп шығуыма тура келе ме деп ойлаймын.

Қайта-қайта күн, ай, жыл сырғып өтер. Арқа төсіндегі байтақ қаланың ілкі тарихын білгісі келгендер осы газеттің тігінділеріне міндетті түрде жүгінер. Қаламының сиясы құрғамаған журналист жұмысының еш кетпегені білінер.

Газет жұмысы – әрдайым қызығы, қиындығы, құқайы қабаттасып жатқан мазасыз майдан. Редакцияда өткізген төрт жылға жуық уақыт ішінде білетінімді басқалармен бөлісуге тырыстым. Әріптестерімнен көп нәрсе үйрендім.

Елорданың бар шамшырақ басылымы, биыл мерейлі белесін бағындырып отырған – «Астана ақшамы» газетінің ұжымына шын жүректен заңғар шығармашылық табыстар тілеймін.

Әлем назарындағы ару шаһармен



бірге көркейіп, кемелдене берсін.
Амантай ШӘРІП,
«Астана ақшамы» газетінің
Бас редакторы
(2008-2012 ж.ж.)

АЙШЫҚТЫ ІЗДЕРІН ҚАЛДЫРҒАН



Әр жылдарда «Астана ақшамы» газетінде қызмет атқарған аға буын журналистердің еңбегі ерекше болғаны сөзсіз. Осы орайда астаналық газеттің қалыптасуына, оның мазмұны мен көркемдігін жақсартуға үлес қосқан, жас мамандарға тәлім беріп, өнеге көрсеткен абзал азаматтардың кейбірі бүгінде ортамызда жоқ. Бұл ретте бас редактордың бірінші орынбасары болған Дидахмет Әшімханұлы, газеттің жауапты хатшысы болған Ерғазы Әсембеков, бас редактордың орынбасары болған Төлеубай Ілдебаев, бөлім меңгерушісі болған Айтқадыр Тілеуов сынды журналистердің есімдері, жарқын істері көңілден өшпек емес.

Көңіл көкжиегінде қонақтап қалған алдыңғы толқын

ағалардың жазған мақалаларын, айтқан әңгімелерін, ақыл-кеңестерін әлі күнге дейін әріптестері үлкен ілтипатпен еске түсіріп жатады. Дидахманың кең дархан мінезіне, шырайлы шығармашылығына, Ерағаның жанкешті еңбекқорлығына, бауырмал мейірбандығына, Төкеңнің биязы сыпайылығына, маржандай жазуына, Айтекеңнің сырбаздығына, жайсандығына қызығып қараған жас журналистер үшін осы қаламгер ағалардың өнегесі көп болғаны сөзсіз.

Біз бүгін «Астана ақшамы» газетінде айшықты іздері қалған әріптес асыл ағаларды еске алып, олардың редакция жұмысындағы сәттерінен түсірілген суреттерді жариялауды жөн көрдік.



НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Нұр-Сұлтан қаласы

26.08.2020

№527/71-VI

Нұр-Сұлтан қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде (белдеуінен тыс жерде) орналастыру қағидаларын бекіту туралы

«Жарнама туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы 17-2-бабының 3-тармағына, «Сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 мамырдағы № 37 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 21 мамырда № 18709 болып тіркелді) сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Нұр-Сұлтан қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен (белдеуінен тыс жерде) орналастыру қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның қолданушы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы З. Жүсіпова

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысының міндетін атқарушы М. Шайдаров

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 26 тамыздағы №527/71-VI шешіміне қосымша

Нұр-Сұлтан қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде (белдеуінен тыс жерде) орналастыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұр-Сұлтан қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде (белдеуінен тыс жерде) орналастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Жарнама туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына, «Сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 мамырдағы №37 бұйрығына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар Нұр-Сұлтан қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде (белдеуінен тыс жерде) орналастырудың тәртібін және шарттарын белгілейді.

3. Осы Қағидалардың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- 1) сыртқы (көрнекі) жарнаманы тарату, орналастыру мен пайдалану үшін қажетті жағдайды қамтамасыз ету;
- 2) сыртқы (көрнекі) жарнаманың таратылуы мен орналастырылуын бақылау;
- 3) ұлттық мүдделерді қорғау;
- 4) жөнсіз жарнаманың, сондай-ақ қоғамдық құндылықтарға және жалпы қабылданған моральдық және инабаттылық нормаларға қол сұғатын жарнамалардың алдын алу және жолын кесу;
- 5) теріс пиғылды бәсекеден қорғау болып табылады.

4. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) жарнама – кез келген құралдардың көмегімен кез келген нысанда таратылатын және (немесе) орналастырылатын, белгілі бір адамдар тобына арналған және жеке немесе заңды тұлғаға, тауарларға, тауар белгілеріне, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қызығушылықты қалыптастыруға немесе қолдауға арналған және оларды өткізуге ықпал ететін ақпарат;
- 2) әлеуметтік жарнама – белгілі бір адамдар тобына адресатталған және қайырымдылық және коммерциялық емес сипаттағы өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарға қол жеткізуге, сондай-ақ мемлекеттік мүдделерді қамтамасыз етуге бағытталған ақпарат;
- 3) сыртқы (көрнекі) жарнама – сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінде орналастырылған және елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде көзбен көруге қолжетімді жарнама;
- 4) сыртқы (көрнекі) жарнама объектісі – жар-

наманы тарату және (немесе) орналастыру үшін пайдаланылатын құрылысжайлар, әртүрлі көлемдегі немесе жалпақ конструкциялар, оның ішінде экрандар мен электронды таблолар, жарықты конструкциялар және өзге де құралдар;

5) жөнсіз жарнама – оның таратылуы, орналастыру мазмұнына, уақытына, орнына және тәсіліне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптардың бұзылуына жол берілген теріс пиғылды, шынайы емес, әдепсіз, көпө көрінеу жалған және жасырын жарнама;

6) маңдайша – ғимаратқа кіру орындарының саны бойынша оған кіру шегінде және (немесе) алып отырған аумақтың қоршауына кіруде, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың нақты тұрған және тауарларды өткізетін, жұмыстарды орындайтын және қызметтерді көрсететін жерлердегі ғимараттарының, оларға жалсарлас құрылыстарының және уақытша құрылысжайларының шегіндегі шатырларды және қабаттерде орналастырылатын, дараландыру құралдарын қоса алғанда, жеке және заңды тұлғалардың атауы және қызметінің түрі туралы ақпарат;

7) дараландыру құралы – тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді), азаматтық айналым қатысушыларын (фирма атауы, тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі және басқасы) айыру үшін қызмет ететін белгі;

8) көше жиһазы (жабдығы) – елді мекендерде үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орналастырылатын декоративтік сипаттағы және практикалық пайдаланылатын объектілер (гүл құмыралары, павильондар, отырғыштар, орындықтар, қоқыс жәшіктері, қоғамдық көлік аялдамалары, ақпараттық панель, балалар ойындарына және ересек тұрғындардың демалысына арналған жабдықтар мен конструкциялар);

9) жарнама таратушы – мүлікті беру және (немесе) пайдалану, оның ішінде телерадио хабарларын таратудың техникалық құралдары арқылы және өзге де тәсілдермен жарнамалық ақпаратты тарату мен орналастыруды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

2-тарау. Нұр-Сұлтан қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде (белдеуінен тыс жерде) орналастырудың тәртібі және шарттары

5. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінде, оның ішінде ғимараттардың (құрылысжайлардың) сыртқы жақтарына орналастырылатын жарнама бейнелерін және (немесе) ақпараттарын бейнелеу және салу арқылы жүзеге асырылады.

6. Жарнама әлемдік немесе ұлттық мәдени игілікті, мемлекеттік рәміздерді (елтаңбаларды, туларды, әнұрандарды), кез келген мемлекеттің валютасын, діни рәміздерді, қандай да бір жеке немесе заңды тұлғаларды, қызметті, кәсіпті және тауарды құрайтын өнер объектілеріне нұқсан келтірмеуі тиіс.

7. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің иелерімен немесе сыртқы (көрнекі) жарнама объектілеріне

өзге заттық құқықтарға ие адамдармен жасалған шарттың негізінде жүзеге асырылады.

8. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы жергілікті атқарушы органдар не өткізілген ашық конкурстардың қорытындысы негізінде жергілікті атқарушы органдармен жасалған тиісті шарттар негізінде өз қаражаты есебінен инвесторлар орнататын көше жиһазына (жабдығына) орналастыруға жол беріледі. Жеке және заңды тұлғалар инвесторлар бола алады.

9. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыруға «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесіне Нұр-Сұлтан қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде (белдеуінен тыс жерде) орналастыру туралы хабарлама жіберілген жағдайда жол беріледі.

10. Тиісті хабарламасыз сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыруға жол берілмейді.

11. Хабарламаларды сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыратын жарнама таратушылар сыртқы (көрнекі) жарнаманы қаланың аумағы арқылы өтетін үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде (белдеуінен тыс жерде) орналастырған кезде – «Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесіне жібереді;

12. Хабарлама сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінде сыртқы (көрнекі) жарнама орналастырылатын болжамды күнге дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын жіберіледі.

13. Хабарламаға:

- 1) Сыртқы (көрнекі) жарнама орналастырылатын кезең мен орын туралы ақпараты бар мәліметтер нысаны;
- 2) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Салық кодексіне (бұдан әрі – Салық кодексі) сәйкес, сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырудың бірінші айы үшін төлемақының енгізілгенін растайтын құжат;
- 3) эскиздері қоса берілген қазақ және орыс тілдерінде еркін нысандағы жарнаманың сипаттамасы.

14. «Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі хабарлама бойынша ұсынылған материалдарға жойылуы міндетті жазбаша уәжді ескертулер беруге құқылы.

«Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі ескертулер берген жағдайда сыртқы (көрнекі) жарнама ескертулер жоғалған жағдайда ғана орналастырылуы мүмкін.

15. «Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі хабарламаны алған күннен бастап төрт жұмыс күні ішінде жауап ұсынбаған жағдайда, өтініш беруші сыртқы (көрнекі) жарнаманы өзі мәлімдеген мерзімдерде орналастыра алады.

16. Жарнаманы көлік құралдарында орналастыру сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру туралы хабарламаны жіберуші және сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлем төлеусіз жүзеге асырылады.

3-тарау. Нұр-Сұлтан қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде (белдеуінен тыс жерде) орналастырғаны үшін төлемақы есептеу тәртібі

17. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте стационарлық жарнама орналастыру объектілерінде орналастырғаны үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерлерде төлемақы алынады.

Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырудың бірінші және кейінгі айлары үшін төлем мөлшері сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін орналастыру жағдайында мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бейнелерді, бейнекөріністерді, жүтіретін жолдарды қоса алғанда, төленген ай ішінде орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнама санына қарамастан, сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру жағдайында орналасқан жері мен алаңына қарай, Салық кодексімен бекітілген базалық ай сайынғы мөлшерлемелерге сәйкес есептеледі.

Нұр-Сұлтан қаласының аумағында үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде (белдеуінен тыс жерде) орналастырылатын сыртқы (көрнекі) жарнама бойынша, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты базалық ай сайынғы төлемақы мөлшерлемелерінің мөлшерін сыртқы (көрнекі) жарнаманың орналасқан жеріне қарай екі еседен асырмай арттыруға құқылы.

18. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектісі жағының алаңына сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру төленген күнтізбелік ай ішінде сыртқы (көрнекі)

жарнаманы орналастыру жағына бұрын енгізілген төлемді растайтын құжатты қоса бере отырып, хабарлама жіберу жолымен жүзеге асырылады.

Үй-жайдың ішінде орналастырылатын бейнелер мен бейнекөріністер тауар өнімін және көрсетілетін қызметтердің түрлерін сипаттайтын сыртқы көзбен көру үшін сөрелер мен терезелердің ішкі безендірілуіне жатады.

19. «Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 15-күнінен кешкітірілмейтін мерзімде мемлекеттік кірістер органдарына төлемақы төлеушілер, төлемақы сомалары, сыртқы (көрнекі) жарнаманың орналастырылу кезеңі мен орны, хабарламаның жіберілгені (жіберілмегені) туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті.

20. «Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі Нұр-Сұлтан қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманың үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде (белдеуінен тыс жерде) нақты орналастырылғанын орналастыру орнын, жарнама таратушының атауын және орналастыру фактісі анықталған күнді міндетті түрде көрсете отырып, оның орналастырылу фактісін бір рет фото немесе бейнемен растау жолымен анықтайды.

21. Сыртқы (көрнекі) жарнама күнтізбелік бір айдан аз мерзімге орналастырылған кезде төлемақы мөлшері күнтізбелік бір ай үшін айқындалады.

22. Төлемақы сомасы Нұр-Сұлтан қаласының Мемлекеттік кірістер департаментіне төленеді.

4-тарау. Әлеуметтік жарнаманы Нұр-Сұлтан қаласының аумағында үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде (белдеуінен тыс жерде) орналастыру тәртібі

23. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы салынбайтын әлеуметтік жарнама және қасбеттерді безендіру «Нұр-Сұлтан қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесімен, «Нұр-Сұлтан қаласының Тілдерді дамыту және мұрағат ісі басқармасы» мемлекеттік мекемесімен, «Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесімен келісіледі.

24. Осы тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуметтік жарнамада дараландыру құралдары туралы, жеке және заңды тұлғалар туралы айтуға жол берілмейді.

Белгіленген шектеулер мемлекеттік органдар, демеушілер, өмірлік қиын жағдайда жүрген немесе емделуге мұқтаж, өздеріне қайырымдылық көмек көрсетілу мақсатындағы жеке тұлғалар туралы айтуға қолданылмайды. Әлеуметтік жарнамада әлеуметтік бағдарланған коммерциялық емес ұйымдар туралы, егер осы жарнаманың мазмұны осындай коммерциялық емес ұйымдардың қайырымдылық немесе өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған қызметі туралы ақпаратпен тікелей байланысты болса, айтуға жол беріледі.

Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінде әлеуметтік жарнама орналастыру кезінде, демеушілер туралы айтуға жарнама алаңының (кеңістігінің) бестен аспайтын пайызы бөлінуге тиіс. Көрсетілген шектеулер әлеуметтік жарнамада өмірлік қиын жағдайда жүрген немесе емделуге мұқтаж, өздеріне қайырымдылық көмек көрсетілу мақсатындағы жеке тұлғалар туралы айтуға қолданылмайды.

25. Өздеріне жүктелген функционалдық міндеттерді іске асыруға байланысты сыртқы (көрнекі) жарнама орналастыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары Салық кодексіне сәйкес төлемақы төлеушілер болып табылмайды.

5-тарау. Нұр-Сұлтан қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде (белдеуінен тыс жерде) орналастыру

26. Сыртқы (көрнекі) жарнама және сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері жолдың көліктік-пайдалану сапасын төмендетпеуге, көлік құралдарының жол жүрісі қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау талаптарын бұзбауға, жол белгілеріне және нұсқағыштарына ұқсас болмауға, олардың көрінуін немесе қабылдау тиімділігін нашарлатпауға, жол пайдаланушылардың көздерін қарықтырмауға тиіс.

27. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы, оның ішінде нұсқағыштарды орналастыру Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, автомобиль жолдары мен жол жүрісі туралы заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

28. Тротуарлар мен велосипед жолдарын қоспағанда, ортақ пайдаланылатын жерден жер учаскелері азаматтар мен заңды тұлғаларға ортақ пайдалануға нұқсан келтірмей, сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыру үшін уақытша жер пайдалануға беріледі.

6-тарау. Нұр-Сұлтан қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнамаға жатпайтын ақпараттық объектілерді үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде (белдеуінен тыс жерде) орналастыру

29. Сыртқы (көрнекі) жарнамаға:

- 1) маңдайша;
- 2) жұмыс режимі туралы ақпарат;
- 3) арнайы бөлінген орындарда орналастырылатын мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар афишалары;
- 4) қызмет көрсетудің техникалық құралдарын және көлік құралдарын дараландыру;
- 5) мұнай өнімдерінің түрлері, мұнай өнімдерінің бағалары, сатушының атауы мен логотипі туралы автожанармай құю станцияларына кірген жерде орналастырылатын ақпарат;
- 6) мәдени құндылықтар туралы және (немесе) тарихи-мәдени мұра объектілері туралы, оның ішінде тарих пен мәдениет ескерткіштері туралы ақпарат (мәліметтер);
- 7) айырбастау пункттерінің жанында орналастырылатын, қолма-қол шетел валютасын теңгемен сатып алу және (немесе) сату бағамдары туралы мәліметтер бар ақпарат;
- 8) сырттан көзбен көру үшін сөрелер мен терезелерді мынадай:

- үй-жайлардың ішінде орналастырылатын тауар өнім;
- көрсетілетін қызмет түрлері;
- дараландыру құралдары;
- декоративтік және мерекелік безендіру сипатындағы ішкі безендіру жатпайды.

30. Кәсіпорындар мен ұйымдар ғимарат қасбетінің эстетикалық сыртқы түрін қамтамасыз етуі керек. Кіру тобында сыртқы маңдайша, яғни кәсіпорынның бейіні туралы, тұтынушыны кәсіпорынның орналасқан жері туралы хабар ететін және оған кіру есігін көрсететін оның фирмалық атауы мен дараландыру құралдары туралы ақпарат орналастырылуы керек, ол үй-жайға кіру шегінде, алып жатқан аумақтың қоршауының кіреберісінде, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың ғимараттарының, оларға жапсаржайларының және уақытша құрылысжайларының шатырлары мен қасбеттерінде, олардың нақты орналасқан және тауарларды іске асыру, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету жерінде орналасуы мүмкін.

31. Сөрелерді көрсетілген кәсіпорында іске асырылатын тауарлар және көрсетілетін қызметтер, яғни тауар өнімдері туралы ақпаратпен, кәсіпорынның жеке фирмалық атауымен, декорациялық безендіру элементтерімен, мерекелік безендірумен ішкі жағынан безендіруге жол беріледі. Сөрелерді безендіру эстетикалық талаптарға жауап беруі тиіс.

7-тарау. Нұр-Сұлтан қаласының аумағында үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде (белдеуінен тыс жерде) орналастырылатын сыртқы (көрнекі) жарнаманың, өзге ақпараттық құрылыстардың ақпараттық бөлігіне қойылатын талаптар

32. Жарнама, электрондық коммерция саласын қоса алғанда, таратудың, орналастырудың нысанына немесе пайдаланылатын құралына қарамастан, анық, тікелей ұсынылу кезінде арнаулы білімсіз немесе арнайы құралдарды қолданбай танылатын болуы тиіс.

33. Қазақстан Республикасының аумағындағы жарнама (мерзімді баспасөз басылымдарын, интернет-ресурстарды, ақпараттық агенттіктерді қоспағанда) қазақ және орыс тілдерінде, сондай-ақ жарнама берушінің қалауы бойынша басқа да тілдерде таратылады.

Жарнама мазмұнының аудармасы оның негізгі мағынасын бұрмаламауы тиіс.

34. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жасалуына және сатылуына тыйым салынған тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) жарнамалауға жол берілмейді.

Егер жарнама беруші жүзеге асыратын қызмет лицензиялануға тиіс болса, онда тиісті тауарды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) жарнамалау кезінде, лицензияның нөмірін және лицензия берген органының атауын көрсету қажет.

35. Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) жарнамасында бағаны (тарифтерді, бағалауларды, мөлшерлемелерді) көрсету теңгемен жүзеге асырылады.

36. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелмеген діни бірлестіктер мен рухани (діни) білім беру ұйымдарын жарнамалауға тыйым салынады.

37. Электрондық казиноны және интернет-казиноны жарнамалауға тыйым салынады.

38. Жарнама Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты дәріптелуін, порнографияны насихаттау немесе үгіттеу, сон-

дай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтерді тарату үшін пайдаланылмауы тиіс.

39. Жарнама қоғамда дүрбелең туғызбауға, жеке тұлғаларды агрессияға бастамауға, сондай-ақ құқыққа қарсы өзге де әрекетті (әрекетсіздікті) қоздырмауы тиіс.

40. Жөнсіз жарнамаға тыйым салынады.

41. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы тарих пен мәдениет ескерткіштерінде және олардың қорғау аймақтарында, ғибадат ғимараттарында (құрылысжайларында) және оларға бөлінген аумақ пен олардың қоршауларында, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналастыруға тыйым салынады.

42. Медициналық көрсетілетін қызметтерді, профилактиканың, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың әдістері мен құралдарын, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, тағамға биологиялық активті қоспаларды жарнамалаудың ерекшеліктері Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасымен реттеледі.

43. Қызметтік және азаматтық қарулы, сондай-ақ экспорты мен импорты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілетін қару-жарақты, әскери техниканы және қосарлы мақсаттағы өнімдерді жарнамалауға арнаулы басылымдарда ғана, сондай-ақ мамандандырылған көрмелерде немесе сату жәрмеңкелерінде жол беріледі. Аталған жарнама әскери және арнаулы қаруды, қару-жарақты, әскери техниканы жасау технологиясын, қолдану тәсілдерін тікелей немесе жанама түрде ашып көрсетпеуі тиіс.

44. Жарнама жасау, тарату, орналастыру кезінде кәмелетке толмағандарды қорғау.

Жарнама жасау, тарату, орналастыру кезінде кәмелетке толмағандарды олардың сенімін және тәжірибесінің жоқтығын теріс пайдаланудан қорғау мақсатында:

- 1) ата-ананың, тәрбиешілердің, педагогтардың беделін түсіруге, кәмелетке толмағандардың оларға деген сенімін жоғалтуға;
- 2) ата-ананы немесе басқа да адамдарды жарнамаланатын өнімді сатып алуға иландыра шақыратын тікелей ұсыныс жасауға;
- 3) белгілі бір өнімге ие болу басқалармен салыстырғанда қандай да болсын артықшылық беретінін, сондай-ақ қолда ондай өнімнің болмауы керісінше жағдайға алып келетінін кәмелетке толмағандарға тікелей көрсетуге;
- 4) кәмелетке толмағандарды қауіпті орындар мен жағдайларда қорғау алдын алу мақсатында ақталмаса, оны мәтіндік, көрнекі немесе дыбыстық ақпараттарды жарнамалау орналастыруға;
- 5) әлеуметтік жарнаманы қоспағанда, кәмелетке толмағандарға арналған тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) тікелей қатысы жоқ жарнамада кәмелетке толмағандардың бейнелерін көрнекі немесе дыбыстық пайдалануға;
- 6) өнімді пайдалану нәтижелері көрсетілген немесе сипатталған жағдайларды қоспағанда, кәмелетке толмағандардың өнімді пайдалану дағдыларының қажетті деңгейін кемітіп көрсетуге жол берілмейді. Жарнама өнім арналған жас мөлшері тобындағы кәмелетке толмағандар үшін нақты қол жеткізуге болатын ақпарат беруі тиіс;
- 7) кәмелетке толмағандардың бойында кәмелетке толмағандарға арналған өнімнің құны (бағасы) туралы шындыққа жанаспайтын (бұрмаланған) түсінік қалыптастыруға, сондай-ақ жарнамаланатын өнімге кез келген отбасы бюджеті қол жеткізе алады деген тікелей немесе жанама нұсқауға жол берілмейді.

8-тарау. Жарнама туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықты анықтау және жою тәртібі

45. Жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыреті шегінде жарнама салысында мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады.

46. Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

47. Жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі:

- 1) «Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сыртқы (көрнекі) жарнаманы қаланың аумағы арқылы өтетін үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастыру туралы хабарламалар қабылдауды және қарауды жүзеге асырады;
- 2) «Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесі өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 3) «Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі хабарламасыз орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнаманы және ғимараттар (құрылысжайлар) меншік иелерінің, тұрғын үйдегі (тұрғын ғимараттағы) тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар

меншік иелерінің немесе кондоминиум объектісін басқару органының, ғимараттарға (құрылысжайларға) өзге заттай құқықтары бар тұлғалардың келісімінсіз орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін анықтайды;

4) «Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасын бұзушылықты жою туралы орындалуы міндетті ұйғарымдар береді;

5) «Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі сыртқы (көрнекі) жарнаманың Нұр-Сұлтан қаласының аумағында үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде (белдеуінен тыс жерде) нақты орналастырылғанын орналастыру орнын, жарнама таратушының атауын және орналастыру фактісі анықталған күнді міндетті түрде көрсете отырып, оның орналастырылу фактісін бір рет фото немесе бейнемен растау жолымен анықтайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелетін өзге де құзыреттерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асырады.

48. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау «Жарнама туралы» ҚР Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Жарнама таратушылардың және жарнама берушілердің қызметі жарнама саласындағы бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау объектісі болып табылады.

Жарнама таратушылар және жарнама берушілер бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау субъектілері болып табылады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары бұзушылықтардың дер кезінде жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын бақылау субъектілеріне беру және оларға әкімшілік жүктемені азайту болып табылады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді талдау арқылы жүргізіледі.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда, бақылау субъектісіне бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде ұсыным жіберіледі.

Ұсыным бақылау субъектісіне қолын қойғызып, жеке өзіне немесе оны жөнелту және алу фактілерін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Төменде келтірілген тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

- 1) қолма-қол – ұсынымға алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;
- 2) поштамен – тапсырыс хатпен пошта жөнелтілімі алғаны туралы хабарлар етілген күннен бастап;
- 3) электрондық тәсілмен – мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы орган сұрау салған кезде хатта көрсетілген бақылау субъектісінің электрондық мекенжайына жөнелтілген күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуы тиіс.

Бақылау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органға ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындауға бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізіміне енгізу жолымен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындауға алып келеді.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау айына екі реттен жиілетпей жүргізіледі.

9-тарау. Нұр-Сұлтан қаласының аумағында үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде (белдеуінен тыс жерде) сыртқы (көрнекі) жарнаманы бөлшектеу бойынша жұмыстарды жүзеге асыру тәртібі

49. Ғимараттардың (құрылысжайлардың) сыртқы жақтарына орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің меншік иелері немесе сыртқы (көрнекі) жарнама объектілеріне өзге де заттай құқықтары бар тұлғалар:

- 1) сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің тиісінше эстетикалық, санитариялық және техникалық жай-күйде ұстап тұруға;
- 2) адамдардың өмірі мен денсаулығы, барлық

меншік нысанындағы мүлік үшін сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

3) шартта белгіленген орналастыру мерзімі өткеннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін бөлшектеуге міндетті.

50. Ғимараттардың (құрылысжайлардың) сыртқы жағына орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің меншік иелері немесе сыртқы (көрнекі) жарнама объектілеріне өзге де заттай құқықтары бар тұлғалар белгіленген мерзімде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін бөлшектеу бойынша міндетін орындамаған немесе сыртқы (көрнекі) жарнама объектісінің меншік иесі белгісіз болған жағдайда, «Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес ғимараттардың (құрылысжайлардың) меншік иелеріне немесе ғимараттарға (құрылысжайларға) өзге де заттай құқықтары бар тұлғаларға сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін бөлшектеу туралы орындалуы міндетті ұйғарым береді.

51. Сыртқы жағына сыртқы (көрнекі) жарнама объектісі орналастырылған ғимараттардың (құрылысжайлардың) меншік иелері, тұрғын үйдегі (тұрғын ғимараттағы) тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері немесе кондоминиум объектісін басқару органы, ғимараттарға (құрылысжайларға) өзге де заттай құқықтары бар тұлғалар үйігерін берілген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін бөлшектеуге міндетті. Ғимараттардың (құрылысжайлардың) сыртқы жағына орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің меншік иелері немесе сыртқы (көрнекі) жарнама объектілеріне өзге де заттай құқықтары бар тұлғалар ғимараттар (құрылысжайлар) меншік иелерінің, тұрғын үйдегі (тұрғын ғимараттағы) тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің немесе кондоминиум объектісін басқару органының, ғимараттарға (құрылысжайларға) өзге де заттай құқықтары бар тұлғалардың талап етуі бойынша сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін бөлшектеу байланысты шеккен шығындарды өтеуге міндетті.

Ғимараттардың (құрылысжайлардың) сыртқы жағына орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің меншік иелері немесе сыртқы (көрнекі) жарнама объектілеріне өзге де заттай құқықтары бар тұлғалар шығындары ерікті түрде өтеуден бас тартқан жағдайда, ғимараттардың (құрылысжайлардың) меншік иелері, тұрғын үйдегі (тұрғын ғимараттағы) тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері немесе кондоминиум объектісін басқару органы, ғимараттарға (құрылысжайларға) өзге де заттай құқықтары бар тұлғалар сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін бөлшектеу кезінде шеккен шығындарын өтеу туралы талап қою арызымен сотқа жүгінуге құқылы.

52. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы жеке меншік объектілерінде орналастыру бойынша көрсетілетін қызметке тұрақты мемлекеттік бағалар (тарифтер) белгілеуге тыйым салынады.

53. Көпшілік пайдаланатын орындарда қаланы мерекелік безендіруді ұйымдастыру, орналастыру және бөлшектеуді қаланың тиісті қызметтері жүзеге асырады.

54. Ғимараттарда, қоршауларда, қалалық жолаушылар көлігінің павильондарында, жарықтардың тіреулерінде, ағаштарда қандай да болсын хабарламаларды және басқа да ақпараттық мәлімдемелерді жапсыруға және ілуге жол берілмейді.

55. Өз бетінше орналастырылатын жарнамалық және өзге де хабарламаларды, жазуларды және суреттерді барлық объектілерден (ғимараттар мен құрылысжайлардың, дүкендердің қасбеттерінен, түйіспе тұрғын және сыртқы жарықтардан және т.б.) жою бойынша жұмыстарды ұйымдастыру ведомстволық тиістілігіне қарамастан, қаланың аудан әкімдерінің аппараттарына, сондай-ақ өз бетінше орналастыратын жарнамалық ақпараттың иелеріне жүктеледі.

10-тарау. Қорытынды ережелер

56. Қағида Нұр-Сұлтан қаласының аумағында үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте сыртқы (көрнекі) жарнаманы таратуды, орналастыруды және пайдалануды жүргізетін жеке және заңды тұлғалардың қызметінде туындаған қатынастарға қолданылады.

57. Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық:

- 1) жарнама беруші жарнаманың мазмұнына, тіліне қатысты Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасын бұзғаны үшін, егер ол жарнама жасаушының немесе жарнама таратушының кінәсінен болғаны дәлелденбесе, жауапты болады.
- 2) жарнама жасаушы жарнаманы ресімдеуге немесе жасауға қатысты Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауапты болады.

3) жарнама таратушы жарнама таратудың, орналастырудың уақытына, орнына және тәсіліне қатысты Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауапты болады.

4) Осы баптың 1, 2, 3-тармақтарында аталған тұлғалардың жауаптылығы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен туындайды.

Нұр-Сұлтан қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде (белдеуінен тыс жерде) орналастырудың тәртібі және шарттары туралы қағидалар қосымша

Нысан

(жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі)

(басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), байланыс телефоны,

заңды тұлғаның мекенжайы немесе толық атауы)

(жеке тұлғаның ЖСН немесе

заңды тұлғаның БСН),

байланыс телефоны, мекенжайы)

Нұр-Сұлтан қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде (белдеуінен тыс жерде) орналастырудың тәртібі және шарттары туралы қағидалар
ХАБАРЛАМА

Меншік иесі _____ (сыртқы (көрнекі) жарнама иесін, меншік құқығын растайтын құжатты көрсету)

Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру орны және кезеңі _____

(орналастыру орнын, орналастыру кезеңін көрсету)

Нобайдың сипаттамасы: _____

Қосымша:

1) сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы жасалғанын растайтын құжат;
2) нобай.

Күні _____ Қолы _____

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Нұр-Сұлтан қаласы

26.08.2020

№530/71-VI

«Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 221/25-VI шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабының 2-3-тармағына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 221/25-VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1149 тіркелген, 2018 жылдың 11 қаңтарында «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

жоғарыда көрсетілген шешімімен бекітілген Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларында (бұдан әрі – Қағида):

18-тармақтағы «50-тармағында» деген сандар мен сөз «50, 50-1-тармақтарында» деген сандар мен және сөзбен ауыстырылсын;

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «50. 25 АЕК мөлшеріндегі ай сайынғы ақшалай төлем түрінде әлеуметтік көмек әлеуметтік мәні бар аурулар бойынша:

адамның иммунтапшылығы вирусы туғызатын ауру, оның ішінде адамның иммунтапшылығы вирусын тасымалдаушы – «ЖҚТБ-ны алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталық» МКҚК диспансерлік есепте тұрған он сегіз жасқа дейінгі балаларға;

қатерлі ісіктер – қаланың медициналық ұйымдарында диспансерлік есепте тұрған он сегіз жасқа дейінгі балаларға тиісті ауруы бойынша ұсынылады.»;

мынадай мазмұндағы 50-1-тармақпен толықтырылсын:

«50-1. 5 АЕК мөлшеріндегі тоқсан сайынғы ақшалай төлем түрінде әлеуметтік көмек әлеуметтік мәні бар аурулар бойынша адамның иммунтапшылығы вирусы туғызатын ауру, оның ішінде адамның иммунтапшылығы вирусын

тасымалдаушы – «ЖҚТБ-ны алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталық» МКҚК диспансерлік есепте тұрған он сегіз жасқа толған адамдарға;»;

51-тармақтағы «50» деген сандар «50, 50-1» деген сандармен ауыстырылсын;

58-тармақтағы «он сегіз» деген сөздер «сексен» деген сөзбен ауыстырылсын;

3 параграфтың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«§ 3. Азаматтардың жекелеген санаттарына қатты отынды сатып алуға және тұрғын үйді газдандыруға әлеуметтік көмек»; мынадай мазмұндағы 99-1, 99-2, 99-3-тармақтармен толықтырылсын:

«99-1. Тұрғын үйді газдандыруға біржолғы әлеуметтік көмек төрт ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын жан басына шаққандағы табысы болған және оларда және отбасы мүшелерінде басқа тұрғын үйі болмаған жағдайда, Нұр-Сұлтан қаласы газдандыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес газдандыруға жататын жергілікті жеке тұрғын үйде тұратын, оның жеке меншік иесі немесе жеке меншік иесінің отбасы мүшелері болып табылатын жасы бойынша зейнеткерлерге, мүгедектерге, мүгедек балаларға, көп балалы аналарға және көп балалы отбасыларға жүргізіледі.

99-2. Әлеуметтік көмектің көлемі 90 АЕК аспайтын газ құбырын орнату және жүргізуге байланысты өтініш берушінің нақты шығындарының негізінде анықталады.

99-3. Әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші әкімшіге Қағиданың 98-тармағында көзделген құжаттарды қосып өтініш ұсынады.».

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы **З. Жүсіпова**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының міндетін атқарушы **М. Шайдаров**

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы

09.09.2020

№205-1856

Талдықөл көлінің және Нұра-Есіл каналы жекелеген учаскелерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексі 116-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына, «Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 19-1/446 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11838 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Нұра-Есіл каналы жекелеген учаскелерінің су қорғау аймағы мен белдеуінің ең аз ені осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Талдықөл көлі үшін су қорғау аймағының ең аз ені – 500 метр;

Талдықөл көлі үшін су қорғау белдеуінің ең аз ені – 100 метр болып белгіленсін.

3. Нұра-Есіл каналының және Талдықөл көлінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылық пайдалану режимі Қазақстан Республикасы Су кодексінің талаптарына сәйкес белгіленсін.

4. «Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға 1 қосымшасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімшілік шекарасындағы Талдықөл көлі және Нұра-Есіл каналы үшін су қорғау аймақтары мен белдеулерін картографиялық материалдарға түсірілуін;

2) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 14.09.2020
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №2-1-1290 болып енгізілді

4) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 1), 3) және 4) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.Қ. Солтамбековқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

А. Кулгинов

КЕЛІСІЛДІ

«Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысы
Н. Ұранхаев
«___» _____ 2020 жыл

КЕЛІСІЛДІ

«Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Есіл бассейндік инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі басшысы
Д. Бекмағамбетов
«___» _____ 2020 жыл

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2020 жылғы 9 қыркүйегі
№ 205-1856 қаулысына
қосымша

Нұр-Сұлтан қаласының әкімшілік шекараларында орналасқан Нұра-Есіл каналының жекелеген учаскелері және осы учаскелер үшін су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ең аз ені

Р/с №	Жеке учаскенің атауы	Су объектісі (канал учаскесінің координаттары және су қорғау аймағы мен белдеуінің координаттары)	Су қорғау аймағының ені, м	Су қорғау белдеуінің ені, м
1.	«GEOAstana» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі үшін Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Ұлы Дала даңғылы, Е114 және Е115 көшелері (жобалық атауы) арасында орналасқан автожанармай құю-автогаз құю станциясының құрылыс учаскесі	Нұра-Есіл каналы (канал учаскесі) x=2774,8; y=-8558,2; x=2701,1; y=-8630,1; су қорғау белдеуі x=2799,4; y=-8583,3; x=2725,6; y=-8655,1; су қорғау аймағы x=2976,3; y=-8763,9; x=2884,3; y=-8742,3; x=2870,1; y=-8801,6	208 241 288	35
2.	«Дал Диагностик» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі үшін Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Е 495 көшесі (жобалық атауы) № 2 ғимарат ауданында орналасқан ядролық медицина орталығының құрылыс учаскесі	Нұра-Есіл каналы (канал учаскесі) x=630,1; y=-10624,3; x=718,6; y=-10538,3; су қорғау белдеуі x=600,0; y=-10606,3; x=688,6; y=-10520,0; су қорғау аймағы x=206,0; y=-10360,7; x=291,5; y=-10277,6	500	35
3.	«Елорда құрылыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі үшін Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Е 357 және Е 495 көшелердің (жобалық атаулары) қиылысы ауданы мекенжайында орналасқан жапсарластыра салынған орын-жайлары бар көп пәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылыс учаскесі	Нұра-Есіл каналы (канал учаскесі) x=710,0; y=-10546,6; x=816,35; y=-10444,1; су қорғау белдеуі x=685,64; y=-10521,88; x=790,35; y=-10418,59; су қорғау аймағы x=642; y=-10473,09; x=727,91; y=-10388,35	100	35

МЕЙІРІМДІ ДЕ ЖАРҚЫН МЕРЕКЕ

Дүние жүзінде Халықаралық қарттар күні жыл сайын 1 қазанда атап өтіледі. Бұл мейірімді де жарқын мерекеледе біз абзал аталарымызды, ақ жаулықты әжелерімізді, ата-аналарымызды ерекше қолдап, сый-сыяпат жасайтын күн. Аталған мереке дүние жүзін жайлаған қауіпті індетке байланысты егде адамдардың тұрмыстық жағдайларын қолдауға, олардың денсаулығына назар аударуға шақырады.

Қарттар күні – тек қана алдыңғы ұрпаққа ғана маңызды емес, сондай-ақ әрбір азаматқа да ой салары сөзсіз, себебі әрбір қартқа қолдау көрсетіп, жағдайларын жақсартуға бағытталған іс-шаралар өткізуге жетелейтін мереке. Жасының егде тартуына, денсаулығының сыр беруіне байланысты қарттардың көптеген шешілмеген мәселелері туындайтыны белгілі, сондықтан оларға қолдау көрсету – туған-туыстары мен қоғамның міндеті.

Өткен жылдары Нұр-Сұлтан қаласында Қарттар күні кең ауқымда өткізілетін болатын. Коронавирус пандемиясы жайлаған шақта көптеген іс-шараларды өткізуде елеулі өзгерістер орын алуда. Олар санитарлық нормаларды

сақтау негізінде шағын топтардың қатысуымен өткізілуде, ал түйінді мәселелер онлайн негізінде шешіледі.

Қалалық ардагерлер Кеңесі өкілетті, атқарушы органдарды, жұмыс берушілерді, бизнес құрылымдарының өкілдерін, еріктілерді, қоғамдық ұйымдарды Қарттар мерекесі қарсаңында және сол күндері егде жастағы азаматтарға, әсіресе мүгедек ардагерлерге, жеке тұратын зейнеткерлерге, аз қамтылған қарттарға арнайы көңіл бөлуге шақырады. Оларға материалдық тұрғыдан көмек көрсетуге, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешуге және басқа да қолдау көрсетуге шақырамыз.

Құрметті еңбек ұжымдарының басшылары, бизнес құрылымдарының өкілдері, сіздерді бүкіл өмірі мен өмір және еңбек жолдарын біздің сүйікті қаламыз бен өнеркәсіптердің өсіп-өркендеуі мен көркеюіне қомақты үлес қосқан ардагерлерге қолдау көрсетуге шақырамыз. Себебі олар Қазақстанның жаңа астана-сының іргетасын қалауға атсалысып, қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді қолдап отырған

тұрғындардың белсенді бөлігі.

Біз сіздерден аға буын өкілдерін материалдық жағынан қолдауға, оларға тауарлар мен қызмет көрсету бағаларына жеңілдік жасауға немесе тегін қызмет көрсету жолдарын қарастыруға шақырамыз. Әсіресе әлеуметтік-тұрмыстық және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге көмек етсеңіздер екен. Бірде-бір ардагер жалғыздық көрмесін.

Құрметті аға буын өкілдері, соғыс және еңбек ардагерлері, сіздерге батырлықтарыңыз, адал да ерен еңбектеріңіз үшін, жастарға жасаған қамқорлықтарыңыз үшін алғыс айтамыз.

Сіздерді мейірімді де жарқын мерекелем құттықтаймыз. Егде жасының қиындық тудырмасын, денсаулықтарыңыз сыр бермесін, ұрпақтарыңыз мақтан тұтсын. Сіздермен бірге ғұмыр кешуге жазсын.

Сіздерге бақытты да баянды өмір, шаңырақтарыңызға құт-береке, туған-туыстарыңыз бен жақындарыңыздың ыстық ықыласы мен жүрек жылуына бөлене беріңіздер.

Нұр-Сұлтан қаласының ардагерлер Кеңесі

ТУБЕРКУЛЕЗ ТУРАЛЫ НЕ БІЛУ КЕРЕК?

Туберкулез – дүние жүзінде ең кең таралған ежелгі заманнан бері келе жатқан жұқпалы ауру. Туберкулезбен ағзаның кез келген мүшесі зақымдануы мүмкін, бірақ ауру қоздырғышы – туберкулез микобактериясы ауа арқылы таралатын болғандықтан, 85% жағдайда өкпе туберкулезі анықталады.

Өкпе туберкулезіне шалдыққан науқас адам жөтелгенде, түшкіргенде, тіпті жай ғана тыныс алғанда қоршаған ортаға ауа қоздырғышын бөледі, сөйтіп оның айналасындағы адамдарға туберкулез ауруы жұғуы мүмкін. Сондықтан да жөтелі бар адам міндетті түрде жөтел әдебин сақтауы керек. Яғни, жөтелген немесе түшкірген кезде аузын және мұрнын майлықпен/қол орамалмен, қолының сыртқы жағымен жабуы керек. Қол орамал/майлық болмаған кезде шынтак иілісіне жетелуді үйреніңіз, өйткені әдеттегідей ауызды алақанмен жабу қол арқылы басқа заттардың ластануына әкеледі. Көрініген жерге қақырынып, түкірмеген жөн. Беталды қақырына беру сияқты жаман әдеттен құтылған дұрыс. Қоғамдық жерлерде айналадағы адамдарға ауа арқылы таралатын ауруларды жұқтыру қаупін азайту мақсатында жөтелі бар адамдар медициналық бетперде тағып жүргені абзал.

Аурудың алдын алу және уақтылы анықтау ерекше маңызды. Балаларда туберкулездің алдын алу үшін БЦЖ вакцинасы пайдаланылады, ал туберкулезді ерте анықтау үшін Манту сынағасы мен Диаскинтест қолданылады. Жасөспірімдер мен ересектер жылына бір рет флюорография әдісі арқылы тексерілуі тиіс.

Ересектер өзін туберкулез ауруынан қорғау үшін дұрыс тамақтану, спортпен айналысу, таза ауада көп уақыт өткізу, темекі шекпеу, үй-жайларды жиі желдетуі қажет.

Кез келген басқа жұқпалы ауру сияқты туберкулезбен әр адам ауы-

руы мүмкін. Туберкулездің пайда болуы ұлтқа, мамандыққа немесе адамның қаржылық жағдайына байланысты емес.

Туберкулез кезінде ұзақ – екі аптадан астам уақыт бойы жөтел, тез шаршау, жалпы әлсіздіктің пайда болуы, тәбеттің төмендеуі, салмақтың жоғалуы, тершендік, дене қызуының көтерілуі, көкірек қуысының ауруы сияқты белгілер пайда болады. Бұл белгілер маза-лаған жағдайда, емханаға барып, дәрігердің көмегіне жүгіну керек. Туберкулезге күдіктенген жағдайда қақырық зерттеуге алынады және кеуде қуысын рентгенге түсіреді. Қазіргі таңда туберкулез ауруын және оның дәрілерге сезімтал немесе төзімді түрін екі сағат ішінде анықтап, емді бірден бастауға болады. Уақтылы анықталған және үздіксіз ем қабылдаған жағдайда туберкулезден құлан таза айығуға болады. Біздің елімізде туберкулезді тез анықтау және толық емдеу үшін барлық жағдай жасалған және ол науқастар үшін тегін көрсетіледі.

Қазақстан – туберкулездің дәрі-дәрмекке төзімді түріне шалдыққан науқастардың барабар емделуіне ақысыз қолжетімділікті қамтамасыз ететін санаулы елдердің бірі. 2016 жылдан бастап елімізде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы дәріге төзімді туберкулезді емдеу үшін ұсынған туберкулезге қарсы жаңа дәрілер қолданылуда. Сонымен қатар дәрілерге төзімді туберкулездің кейбір түрлерін қысқа мерзімде, яғни 20 айдың орнына 9-12 ай ішінде толық емдеуге мүмкіндік беретін ем кестелері қолданылуда. Ең бастысы, дәрігер тағайындаған емді үзбей қабылдау қажет. Өйткені дәрілерді бір-екі күн ішпей қалып, үзіліс жасасаң туберкулез микобактериялары қабылдап жүрген дәрілерге төзімді болып, ем сәтсіз аяқталуы мүмкін. Әрине, туберкулезге қарсы қолданатын дәрілердің әртүрлі жанама, жағымсыз әсерлері болуы мүмкін. Мұндай жағдайда емдеуші дәрі-

гердің көмегіне жүгініп, жағымсыз әсерлерді емдеуге, олардың алдын алуға болады.

Туберкулезге шалдыққан науқастардың барлығын бірдей ауруханаға жатқызып емдеу шарт емес. Туберкулез микобактериясын бөлмейтін, яғни басқа адамдарға қауіп төндірмейтін науқастар бақылауы емді тұрғылықты жеріндегі емханаларда алып, еммен қатар жұмысын істеп немесе оқуын жалғастыра алады. Сонымен қатар, егер емделіп, аурудан сауығуға деген құлшынысы бар науқаста смартфон немесе ноутбук болып, интернетке қосылған жағдайда және дәрілерді жақсы көтерсе, ол күнделікті емін видео бақылау арқылы қабылдай алады және ем қабылдау үшін емханаға күнде барудың да қажеті жоқ. Тек 7-10 күнде бір рет емханаға барып, дәрілерді алып, дәрігерге көрініп тұруы керек.

Ем қабылдап жүрген науқасқа туған-туыстарының, отбасының қолдау көрсетуі өте маңызды. Өйткені әлі күнге дейін туберкулезді ұятты, жаман ауру деп қараудан арыла алмай отырмыз. Туберкулез – бұл жұқпалы ауру, ұялудың немесе айыптаудың себебі емес.

Туберкулез мәселесі абстрактілі емес, кез келген адам ауруға шалдығуы мүмкін, сондықтан елімізде туберкулезбен күрестің сәтті болуы әр адамның белсенділігіне, осы күреске үлес қосуына байланысты. Өмір салтымызды салауатты қылып, жыл сайын флюорографиялық тексеруден өту керек, әр адам тек өзінің жеке басын қорғауға ғана емес, сонымен қатар өз балалары мен туыстарын қорғауға тырысу керек. Ең бастысы: аурудың алғашқы белгілері пайда болған кезде дереу дәрігерге барып қаралыңыз.

Өз денсаулығыңызды сақтаңыз, уақытында медициналық көмекке жүгініңіз!

**Панагуль
ДЖАЗЫБЕКОВА**

ЖИТС – жұқтырылған иммун тапшылығының синдромы адамның иммун тапшылығы вирусынан (АИТВ) туындайтын қауіпті, жұқпалы дерт. АИТВ, ең алдымен, организмнің әртүрлі ауруларға қарсы тұруын қамтамасыз ететін иммундық жүйесін зақымдайды. Иммундық жүйе клеткаларына өлуі біртіндеп адамды сырқаттану факторының алдында қорғанышсыз етеді. ЖИТС-пен ауыратын науқастардың өлімі әдетте өкпенің, нерв жүйесінің, қатерлі ісіктердің зақымдауынан туындайды. ЖИТС – жұқтырылған иммунитет тапшылығының синдромы, АИТВ-ның соңғы даму сатысы.

АИТВ/ ЖИТС туралы не білесіз?

АИТВ – адамның иммун тапшылығы вирусы, яғни ЖИТС ауруын тудыратын вирус. Бұл вирус 1983 жылы ашылған. Вирус өте кішкентай болғандықтан, қарапайым микроскоп арқылы көрінбейді. Вирус қан жүйесіне түскеннен кейін адамның қорғаныш жүйесіне жауап беретін ақ қан түйіршіктерін (лимфоцит) зақымдап құрта бастайды.

Екі түрлі ұғым бар: АИТВ жұқтырған және ЖИТС-пен ауыратын адам. Ұқсастығы: екеуінің де қанында АИТВ-вирусы бар, екеуі де сыртқы ортаға қауіпті, ауруды жұқтыра алады. Айырмашылығы: АИТВ жұқтырған адам ағзасында вирус болғанымен әлі клиникалық белгісі жоқ, сырт пішініне қарағанда дені сау адам. Ал ЖИТС-пен ауыратын адамдарда аурудың клиникалық белгілері бар, ол – АИТВ-ның соңғы даму сатысы. Заманауи медицинаның жетістіктері нәтижесінде АИТВ жұқтырған адамдар арнайы ретровирусқа қарсы препараттар тағайындалады. Бұл препараттар қанда вирустардың көбеюін тоқтатып, иммунитеттің қалыпқа келуіне көмектеседі. ЖИТС-тың ең басты клиникалық белгілеріне мыналар жатады: аурудың 1 айдан аса дене қызуы көтеріледі, 1 айдан аса тоқтамастан іші өтеді, 10 пайыздан аса салмақ жоғалтады.

Адамда иммунитет тапшылығы байқалғандықтан адам ағзасы кез келген жұқпалы, паразитарлық, бактериалдық ауруларға қарсы тұра алмайды.

– Адамдар АИТВ-ны қалай жұқтырады?

– Инфекцияның көзі – АИТВ-ны жұқтырған адам немесе ЖИТС-пен ауыратын науқастар. Вирус қанда, спермада, қынап сұйықтықтарында, омырау сүтінде көп болады. Адамның түкірігінде, терісінде, көз жасында, несепінде және басқа физиологиялық сұйықтарында вирус аз мөлшерде кездеседі, сондықтан ол сұйықтықтарға қан араласпаса АИТВ жұқтырмайды.

– Қандай жолдармен АИТВ адамға жұғады?

– Қан арқылы (ортақ шприцті, инені және басқа медициналық қырыну құралдарды пайдаланғанда, донордың қаны арқылы)

– Жыныстық қатынас арқылы (мүшеқап қолданбаған жағдайда)

– Анадан балаға жүктілік, босану және емізу кезінде.

– Күнделікті тұрмыста адам АИТВ жұқтырған қаннан аулақ жүрсе АИТВ-ны жұқтыруы мүмкін бе?

– Жоқ. АИТВ қол алысқанда, «құрғақ» сүйісу кезінде, ауа арқылы, соның ішінде түшкіргенде әрі жөтелгенде, тамақпен және сумен, ыдыс, төсек-орны, киім мен аяқ

киім арқылы, моншада жуынғанда, ортақ дәретхананы пайдаланғанда сондай-ақ жәндіктер шаққанда жұқпайды.

– Адам АИТВ-ны жұқтырғанын немесе жұқтырмағанын қалай айқындауға болады?

– Зертханалық тексеруден өту керек. ЖИТС орталықтарында, сол сияқты емханаларда ерікті құпия немесе жасырын түрде тексеруден өтуге болады.

– АИТВ жұқтырған адамдар қалай және қанша өмір сүреді?

АИТВ жұқтырған адамдар арнайы ретровирусқа қарсы ем қабылдайды, соның нәтижесінде олар иммунитет қалпына келтіріп, қалыпты өмір сүруге, білім алуға, жұмыс істеуге, толық жанұя құруға және сау балаларды туа алады. Ретровирусқа қарсы препараттар тәулігіне 1 немесе 2 рет қабылданып, таблетка түрінде, сондықтан ем үй жағдайында, ешқандай қиындықсыз жүргізіледі. Емнің нәтижесі мен тиімділігі ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталық дәрігерлерінің бақылауында болады. АИТВ-ға тексерілу, диспансерлік бақылау және тегін және қолжетімді.

– АИТВ-ны жұқтырудан қалай сақтануға болады?

– АИТВ жұқтыру мүмкін болмайтындай өзін-өзі ұстау керек. Соның ішінде инъекциялық есірткі тұтынудан бас тарту, біреумен бірге ортақ шприцті, инені, ұстараны пайдаланбау, кездейсоқ жыныстық қатынасқа түспеген жөн. Жыныстық қатынас арқылы жұқтырудың алдын алудағы басты шара – тұрақты түрде мүшеқап қолдану.

– Мен ЖИТС-қа қарсы күрес жүргізу үшін не істей аламын?

– Ең бастысы, АИТВ инфекциясы мен ЖИТС туралы білім алыңыз да, оны өз денсаулығыңыз үшін пайдаланыңыз. Өзіңіздің достарыңызға, туысқандарыңызға АИТВ туралы көбірек білуге көмектесіңіз. Өз құрбы-құрдастарыңыздың арасында АИТВ-ның алдын алу туралы ақпаратты таратыңыз. АИТВ-ны жұқтырған адамдарға қатысты жанашырлық білдіріңіз, оларға көмектесуге тырысыңыз. Есте сақтаңыз: Достық қарым-қатынас арқылы АИТВ-ны жұқтыруға болмайды. ЖИТС-қа қарсы күрес жүргізетін ұйымдардың жұмысына белсенді қатысыңыз.

– АИТВ/ЖИТС туралы консультация алу немесе тексерілу үшін қайда баруға болады?

– Егер Сіз ЖИТС туралы көбірек білгіңіз, АИТВ-ға тексеріліңіз келсе тіркелген медициналық ұйымдарға, ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталыққа баруыңызға болады.

Айдос ТУРМАНБЕТОВ



Ұлттық музейде «Өнер төресі» атты мұражай қорынан жинақталған сәндік-қолданбалы өнер көрмесі ашылды.

ӨНЕР ТӨРЕСІ – ТӨРДЕ

Көрмеге өткен ғасырдың екінші жартысындағы шеберлердің қолынан шыққан айшықты дүниелер, сондай-ақ заманауи суретшілердің киізден, ағаштан жасалған еңбектері, инсталляциялар, гобелендер, зергерлік бұйымдар секілді 70-тен аса туындылар қойылды. Сонымен бірге келушілер Мұхамеджан Зейнелхан, Бәтима Зәуірбекова, Сәуле және Әлібай Бапановтар, Сержан Баширов, Эдуард Казарян, Латиф Қазбеков, Тілеужан Батанов секілді қолтаңбасы қалыптасқан қылқалам шеберлерінің жұмыстарымен танысты.

Халқымыздың ғасырлар қойнауынан бастау алатын қолөнеріне негізделген сәндік-қолданбалы өнері ұлттың әдет-ғұрпымен, өмір салтымен, эстетикалық көзқарасымен тығыз байланысты. Сондықтан да экспозицияда ұсынылған бұйымдар халқымыздың мәдени-тұрмыстық ерекшеліктерін жүртшылыққа шынайы жеткізе білді.



ҰЛЫ ҒАЛЫМҒА ҚҰРМЕТ

Израильдің Хайфа қаласында ұлы ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толуына орай оның есімімен аталатын көшеге ескерткіш тақтайша қойылды, деп хабарлайды Елорда ақпарат.

Салтанатты шараның ашылуында Қазақстанның Израильдегі Төтенше және өкілетті елшісі Сатыбалды Бұршақов жиналғандарға әлемнің «екінші ұстазы» атанған философтың мұрасы жайында парасатты ой толғады. Сонымен бірге елші көрнекті ғалымға ескерткіш тақтаның қойылуы екі ел арасындағы мәдени байланысты одан әрі нығайта түсетіндігін жеткізді.

Хайфа қаласы әкімінің орынбасары Лазар Каплан әл-Фараби көшесіне орнатылған ескерткіш тақта қаладағы араб және еврей кварталдары түйіскен жерде орналасқанын және мәдениеттер бірлігін білдіретінін атап өтті.

Еврей ойының зерттеушісі, Израиль Ашық университетінің докторы Ури Гершович тыңдаушыларға Тәураттың көрнекті аудармашыларының бірі раввин Моше бен Маймон өз шығармаларында әл-Фарабиді өзінің «рухани ұстазы» деп жиі атайтынын жеткізіп, қазақ және еврей халқының рухани байланысын сөз етті. Айтулы шараға қала әкімдігі, дипломатиялық корпус және ғылыми топтардың өкілдері, Хайфада оқитын қазақ студенттері қатысты.

© Бетті дайындаған Азамат ЕСЕНЖОЛ

Педагогикалық шеберлік орталығының «Шабьт» бағдарламасы аясында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы қызметкерлерінің Алан Бөрбаевпен онлайн кездесуі өтті.



ШАЛҚАР ШАБЫТ

Сөз басында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ басқарма төрайымы Күләш Шәмшидинова әріптестеріне тағылым мол кездесудің қадірлі қонағы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының бас дирижері, дирижерлердің көптеген еуропалық конкурстарының жеңімпазы Алан Бөрбаевты таныстырды. Жұлдызды маэстроның

кәсіби жетістіктері Қазақстанның музыкалық өнерін елімізде ғана емес, күллі әлемге паш етті. Бүгінде дирижер Осло, Хельсинки, Гамбург, Берлин, Милан, Мельбурн, АҚШ, Корея, Жапония мен Ұлыбританияның филармониялық оркестрлерімен өнер көрсетеді.

Кездесу барысында Алан Асқарұлы жиналған онлайн аудиторияға барша оркестрлері секілді виртуалды әрі шебер дирижерлік ете білді. Оның кәсіби таңдауына ықпал еткен балалық шақтың қызықты оқиғалары, еліміздегі және шетелдегі шығармашылық жетістіктері, опералық өнерінің болашағы, жаңа жобалары, сондай-ақ, Г. Малердің аты аңызға айналған Симфония №8, бірегей қойылым «Мың қатысушының симфониясы» және Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің «Абай» операсының жаңа нұсқасы – аталғандардың барлығы айрықша талант иесінің жанкүйерлерінің қызығушылығын тудырды. Көпшілікке кең тараған «Шабьт» бағдарламасы – табысты жоба.

ФРАНЦИЯДА «ТОМИРИСТІҢ» АТЫ ОЗДЫ

Режиссер Ақан Сатаевтың «Томирис» фильмі қыркүйектің 2-сі мен 13-і аралығында Парижде өткен L'Étrange Festival кинофестивалінің Гран-приін жеңіп алды.

Арнайы «Жаңа жанр» жүлдесін Франциядағы ең ірі ақылы телеарналардың бірі Canal+ табыстап, фильмді көрсету құқығын сатып алып, прайм-тайм уақытында көрерменге ұсынуды жоспарлап отыр.

Айта кетейік, кинотуынды біздің заманымызға дейінгі VI ғасырда болған оқиғаны суреттейді. Фильмде кішкентай қыздан айбынды жауынгерге айналған, жақындарынан айрылып, сатқындардан өшін алған және сақ тайпаларын өз билігі астында біріктірген ұлы даланың аты аңызға айналған Томирис патшайымының тағдыры баяндалады.

Фильм ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысымен «Қазақфильм» киностудиясында Sataifilm компаниясының қатысуымен түсірілген.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор — **ЖАРҚЫН ЖҰМАДІЛОВ**

Бас редактор — **ЕРКІН ҚЫДЫП**

Бас редактордың орынбасары — **ҒАЛЫМ ҚОЖАБЕКОВ**

Шеф редактор — **ТӨЛЕН ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Апталық таралымы — 15 000

Тапсырыс №109

Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Сілеті көшесі, 30. «Медиа-холдинг» «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсыя-2» ТК astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 703-212 Тішлілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17 Үйлестіруші: 70-33-05 Жарнама: 70-33-06

astana.akshamy@mail.ru